



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА БАҒАМЫН ҚАЛАЙ ТҰРАҚТАНДЫРАМЫЗ?



Мемлекеттігі БҰҰ деңгейінде мойындалған 193 елдің 159-ның ұлттық валютасы бар. Осыған қарамастан ортақ валюталар да аз емес. Олардың ішінде ЕуроОдақтың еуросы – 27, ВСЕАО КФА франкі – 14, АҚШ доллары – 10, Алжир динары – 10, Австралия доллары – 8, Жаңа Зеландия доллары – 5, Шығыс Кариб доллары – 5 елде қолданылады. Олардың қатарына 2030 жылдан кейін Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕурАзЭО) ортақ валютасы қосылады деген әңгіменің шыққанына да оншақты жылдың жүзі боп қалды.

(Соңы 3-бетте)


ДИНИ САВАТТЫЛЫҚ –
ДИНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ
ТОСҚАУЫЛ

3-бет



БАЛА ӘЛЕУМЕТТІК
ҚОРҒАУҒА МҰҚТАЖ

4-бет



КӨМІЛМЕЙ
ҚАЛҒАН САУСАҚ

8-бет

КЕЛБЕТ

ЖАН АҒА

Қазақта «аға» деген жақсы сөз бар. Көңілге қонымды, жаныңды жадырататын жылы сөз. Біз тегінде кімді «аға» деп атаймыз, құрмет көрсетеміз, сыйлаймыз. Әрине, жасы, жолы үлкен азаматты «аға» деп алдынан өтпейміз. Еңбегімен елге танылған, жеке басының мүддесін халқының, ауылдастарының, бауырларының мүддесінен жоғары қоятын азаматтар «аға» деген атқа лайық. Ал ауылдың, елдің ағасы болып танылған бауырларымыздың жөні бір бөлек. Мен осындай ардақты азаматтардың қатарына Өмірәлі Шөкарапұлын жатқызар едім.

Өмекеңді елу жылға жуық танымын, білемін. Жанында көп жүрдім. Тәрбиесін алдым. Адам баласының мінез-құлқы, қабілеті, әрекеттері өзі таңдаған мамандықтың болмысына сай келіп тұратындай. Ол кісі, біріншіден ұстаз. Ұстаз болғанда да ұлағатты ұстаз.

Еліміз егемендігін алып, болашағымызды барлап, ергеніміз айқындала бастағанда арлы азаматтар жаңа заманның кірпішін өз қолдарымен қалауға кірісіп кетті. Осы үлкен толқынның алдыңғы қатарынан Өмірәлі ағамыз көріне білді. Халқымыздың бір туар азаматы, ұлтының сүйікті ұлы, дарынды басшы Д. Қонаевтың ақ батасын алып, еліміздегі алғашқы жеке жоғары оқу орнын ашты. Бұл өте жауапты кезең және жауапты бастама еді. Егеменді еліміздің болашағына қызмет ететін жас мамандарды дайындау қажеттілігі туындады.

Жоғары оқу орнының мәртебесі мен беделіне сай келетін, саналы білім беруді қамтамасыз

ететін университет құрудың машақаты бастан асып жатты. Бұл тек қана өзіне бек сенетін, қажымас қайраттың, алға қойған мақсаттың шыңына жетпей дамылдамайтын, орта жолға келгенде кейін шегініп кетуді білмейтін азаматтың ғана қолынан келетін әрекет еді.

Университет ашуды білім беру емес, табыс көзіне айналдырған «пысықай» жігіттер еліміздің әр түкпірінен табылып жатты. Жат пиғылдың жолы қысқа ғой. Өмекең басшылық жасап отырған осынау ордалы оқу орны, міне, отыз жылдан астам уақыт замана талаптарынан сүрінбей өтіп, мыңдаған жасқа жаңа өмірге жолдама берді.

Айтылған мәселе Өмекеңнің азаматтығына сын болды, беделіне береке қосты, халықтың алғысын алды, жас ұрпаққа сүйікті ұстаз болды, ұлты мен халқына адал еңбек етудің үлгісі ретінде бағаланды. Ал, ағалық пен даналықтың шынар биігі – адамгершілік деп айтсақ, қателеспейтін шығармыз.



Бір адамның бойынан мейірімділік пен сүйіспеншіліктің, қарапайымдылық пен қамқорлықтың, ізгілік пен кісіліктің, қазақтың пен қайырымдылықтың табыла беруі екі талай дүние ғой. Өмекеңмен кездескен сайын мен ол кісінің жайдары жүзінен, ашық қабағынан, күн сүйген дидарынан ғибрат аламын. Бір ашуланып немесе әлдекімге кейіп жүрген кезін көрмейсіз ғой.

(Соңы 4-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Абзал ҚҰСПАН, «Аманат»
комиссиясының төрағасы:

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ ТЕРГЕУГЕ АРАЛАСТЫРУ – ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН АЙЫРЫЛУ ДЕГЕН СӨЗ»

– Абзал Темірғалиұлы, бұрын да елдегі танымал адвокаттың бірі едіңіз. «Аманат» комиссиясын құрғаннан кейін жауапкершілік жүзі еселеп артқан сияқты. Ел аралап, халықтың мұң-мұқтажын тыңдаймын деп отбасыңызды жыл басынан бері 5-ақ рет көргеніңізді естідік...

– Оралдың тумасымын ғой. Өткен аптада үйге барып келдім. Бұл қаңтардан бері бала-шағама бесінші рет баруым екен. Осылай айлап іссапарда жүретін адамдар туралы айтуға ғана оңай шығар. Одан кейін біздің қызмет ақылы емес, қоғамдық қызмет.

(Соңы 5-бетте)

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ЕҚЫҰ ЕЛШІЛЕРІ –
ЖОҒАРҒЫ СОТТА

Астанаға жұмыс сапары барысында Қазақстанның Жоғарғы сот органына ЕҚЫҰ жанындағы тұрақты өкілдер Майкл Карпентер (АҚШ), Кристина Фаж (Франция), Нил Буш (Ұлыбритания), Геза Бройтигам (ГФР) және Фолькер Фробарт (Астана қаласындағы ЕҚЫҰ бағдарламалар кеңсесінің басшысы) келді.



ҚР Жоғарғы Соты баспасөз қызметінің мәліметінше, Сот әкімшілігінің басшысы Наиль Ахметзакиров және оның орынбасары Елдос Жұмақсанов қонақтарға Ахуалдық орталық пен Коммуникациялар орталығының әлеуеті туралы айтқан. Қонақтар дәл және объективті сот ақпараттың уақытылы қол жеткізу мен оны талдаудың маңыздылығына қызығушылық танытты. Цифрландырудың даму деңгейіне және оны жетілдіруге: электронды сот ісін жүргізу мен азаматтық істердің нәтижесін болжау қызметтеріне аса мән берілді. Ал азаматтық істер бойынша экстерриториялық юрисдикция институтын дамыту алдағы уақытта судьялардың біріншілік жүктелуі мәселелерін шешуге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов қонақтарға сот жүйесінде 5 жыл ішінде жүргізілген өзгерістер туралы айтқан. Сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайту, айыптау мен қорғаудың нақты бәсекелестігі, ақтау үкімдерінің оң және дауларды шешудің балама тәсілдерін қолдану жөніндегі шаралар туралы кеңінен тоқталды. Яғни, әкімшілік әділеттің тиімділігі, жалпы сот актілерінің сапасын жақсарту және оларды

судьялардың түсіндіру тәртібі туралы сөз қозғалды. Осы және басқа да шаралардың арқасында Қазақстан құқық үстемдігі индексі бойынша рейтингтерде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді.

Сот әкімшілігі мен ЕҚЫҰ арасындағы меморандумның шеңберіндегі жұмыстар да талқыланды. Біздің реформаларымызды қолдай отырып, ЕҚЫҰ жобаға 3 жылға 1 млн доллар көлемінде қаражат бөліп отыр. Жоба Сот әкімшілігін және судьяларды бағалау жүйесін жаңғыртуға, Сот әкімшілігінің судьялары мен қызметкерлерін оқыту процесіне инновациялық тәжірибелерді, сондай-ақ, жаңа цифрлық сервистерді енгізу мақсатын көздейді. Бұл сот ісін жүргізуді жақсартады, сот төрелігінің сапасын және оған деген сенімді арттырады.

Қонақтар реформалардың шеңберінде судьялардың тәуелсіздігін нығайту, татуласуды қолдау, судьяларды іріктеу тәртібін жетілдіру, соттардың ашықтығы және шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасу, халықаралық рейтингтердегі ұстанымдарды жақсарту бойынша жүргізіліп жатқан шараларды атап өтті.

Ж.ҚҰРМАНБАЙ

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ИНСТИТУТ НЕГІЗІ

Адам құқықтары мен қауіпсіздігінің сақталуында сот және құқық қорғау органдарының орны ерекше. Сот заңға сүйеніп шешім қабылдайтын маңызды орган. ҚР Президенті Қ.Тоқаев өз жолдауында азаматтардың мемлекеттік органдардың шешімі мен әрекетіне шағымданғанда бұқаралық құқықтық дауларда келесіздіктер болатынын айтып, оны жою үшін әкімшілік әділетті енгізу қажеттігін көрсетті. 2020 жылы 29 маусымда ҚР Әкімшілік рәсімдік процесі кодексінің қабылдануы әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік құқықтық қатынастарда мемлекет пен азаматтардың ұйымдардың арасында туындайтын дауларды шешу бойынша арнайы сот өндірісінің жаңаша жүйесін қабылдады. Бұл заң 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енді. Әкімшілік әділет – құқықтық институт. Ол азаматтардың (ұйымдардың) билік органдарының (лауазымды тұлғалардың) шешімдері мен әрекеттеріне байланысты

шағымдары мен дауларын қарау жүйесі. Әкімшілік сот өндірісінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары, заңды мүдделерінің толық жүзеге асуын, бұқаралық құқықтық қатынаста жеке және қоғамдық мүдделердің сәйкестенуін, заңдылықтың нығаюын, әкімшілік даулардың әділ, уақытылы, ашық шешілуін қамтамасыз етпек. Әкімшілік сот өндірісінде дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау, тану туралы талаптар қою арқылы істер қаралады. Мемлекеттік әкімшілік басқару саласындағы көптеген қатынастар мен түсініспеушіліктерді жүйелеуге және даудың себебін анықтауға, мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Талап қою институты арқылы әкімшілік әділеттің немесе сот өндірісінің процессуалдық тұрғыда барынша жүйеленіп, алдына қойылған мақсат, міндеттерін оң шешуге жағдай жасалмақ. Әкімшілік рәсімдік процесі кодекстегі тағы бір жаңалық – судья құзыретіне қатысты. Қажет еткен



ЖИСАНАЛИНА,
Алға аудандық сотының
судьясы

жағдайда судья істі нақтылауға көмектесетін дәлелдерді, құжаттарды қосымша сұратып, дәйектер толық емес деген жағдайда өз бастамасымен оларды жинатуға құзырлы. Заңнаманың жаңашылдықтары, өзгерістерін түсіндіру шаралары қарапайым азаматтардың құқығын мінсіз қорғаудың бір тетігі.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МЕДИАЦИЯ

ТАТУЛАСТЫРУШЫ
СУДЬЯҒА ТӘЖІРИБЕ
КЕРЕК

Ақмола облыстық сотында татуластырушы судьялар үшін медиаторлар мен психологтардың қатысуымен «Сот медиацияның дамуы мен оның мәселелері» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

Ақмола облыстық сотының төрағасы Арман Жүкенов семинар-тренингке қатысушыларына арналған кіріспе сөзінде медиацияның әрі қарай дамуы үшін татуластырушы судьяларға әдістеме, медиатор мен психологтың кәсіпқойлық тәжірибесі қажет екендігін атап өтті. Бүгінгі кездесу өзара ынтымақтастық пен бірлескен іс-шараларды айқындау мақсатында жүргізіледі – деді

сот төрағасы. Семинарда кәметке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрайымы Дариға Оспанова кәметке толмағандардың мүдделеріне қатысты даулар бойынша медиация өткізудің ерекшеліктері, мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы Азамат Аймұхамедов экономикалық даулар бойынша бітістіру



рәсімдерді өткізу, Көкшетау қалалық сотының төрағасы Қазбек Дегенбаев сот медиациясын өткізу, «ASKEZA» консультативтік-психологиялық орталығының психологы Евгения Ким медиаторлар жұмысының психологиялық ерекшеліктері, Халықаралық медиация орталығының медиаторы Гүлмира Ойнарова психология тұрғысынан медиация, «Шанс» кәметке толмағандарды әлеуметтік-психологиялық және

құқықтық қолдау орталығының психологы Көгершін Сейіткажина қарым-қатынастар мен психикалық жағдайды қалпына келтіру үшін психологиялық көмек туралы сөз сөйледі.

Іс-шараға қатысушылар сөз сөйлеушілердің баяндамаларын талқылап, қорытынды жасады.

Психологтар татуластырушы судья мен медиатор психолог болып, тараптар ретінде сезінуге, көруге және түсінуге

тиісті екендігін атап өтті, судья мен медиатордың жұмысын психолог тұрғысынан түсіндірді.

Медиаторлар соттың ұсынысымен мектептерде құрылған татуласу бөлмелерін қолдап, барлық білім беру мекемелерінде медиацияны қолдануды ұсынды және медиативтік келісімнің мәртебесін талқылады.

Семинар-тренингтің жұмысын қорыта келе, қатысушылар бірлескен жұмыс үшін ұсынымдар мен бағыттарды әзірледі: судьялар мен медиаторларға жалпы білім беретін мекемелерге барып, психологтармен өзара қарым-қатынас орнатып, тұрақты негізде тренинг өткізу жөнінде ынтымақтастық жасап, бітістіру рәсімдерді кеңінен насихаттау ұсынылды. Татуластырушы судьялар мен медиаторлардың кәсіпқойлығы қоғамдағы даулылық деңгейін төмендетуге септігін тигізеді.

Ақмола облыстық сотының
баспасөз қызметі

РЕСМИ КЕЗДЕСУ

ПРЕЗИДЕНТ
БАС ПРОКУРОРМЕН КЕЗДЕСТІ

Бас прокурор Берік АСЫЛОВ Президентке еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйі, сондай-ақ, прокуратура органдарының өткен кезеңдегі жұмыстарының қорытындысы туралы мәлімет берді.

Мемлекет басшысына «Қаңтар оқиғасы» бойынша жүргізіліп жатқан тергеу амалдары мен оған қатысқандарға рақымшылық жасау мәселелері прокуратураның ерекше бақылауында тұрғаны баяндалды. Қылмыстық салада 1,8 мыңнан астам тұлғаның конституциялық құқығы қорғалған. Прокурорлардың наразылығы бойынша 866 үкім жойылып, өзгертілді. 183 сотталушының жағдайы жақсартылды, 20 адам ақталды. Бизнесі қорғау саласында 145 мың кәсіпкердің құқығы қалпына келтірілді.

Берік Асылловтың айтуынша, жер қойнауын пайдалану мен автомобиль жолдары салаларында жүйелі заң бұзу фактілері анықталды. Индустрия министрлігі кен өндіруге дайын тұрған 144 кен орнын барлауға келісімшарт берген. Бұдан бөлек,

жер қойнауын пайдаланушылар бюджетке міндетті 96 миллиард теңге төлемегені анықталды.

Экономикалық ресурстарды заңсыз шоғырландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия жұмысының аясында мемлекетке жылжымайтын мүлік объектілері, жер учаскелері және басқа да мүлік қайтарылды.

Прокурорлардың актілеріне сәйкес, құны 43 миллиард теңгені құрайтын заңсыз берілген және мақсатына пайдаланылмаған 7,3 миллион гектар жер мемлекетке қайтарылды. Соның ішінде, олигополия меншігіндегі құны 6 миллиард теңге болатын 140 мың гектар жер қайтарылды. Жуық арада олигополия субъектілерінің меншігінде болған 160 мың гектар жер қайтарылады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ІШКІ ІСТЕР
МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысының қабылдауында болған Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов Президентке биылғы 10 айдағы криминалға жағдай туралы есеп берді.

Министрдің мәліметі бойынша, кісі өлтіру, зорлық-зомбылық, тонау, ұрлық, мал ұрлығы, сондай-ақ, бұрын сотталғандар тарапынан, мас күйінде және отбасылық-тұрмыстық салада жасалған қылмыстар азайған.

Қ.Тоқаевқа министр құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жайын әңгімеледі. Отбасылық-тұрмыстық салада зорлық-зомбылық жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту жөніндегі кешенді шаралар әзірлеу туралы мәліметтерді айтып, ұйымдасқан қылмыстың себептері мен қаржыландыру көздерін жоюға баса мән бере отырғанын баяндады.

Министрдің айтуынша, бопсалаумен, адам саудасымен, қару-жарақты, есірткіні заңсыз сағумен және басқа да қылмыстармен айналысқан 33 ұйымдасқан қылмыстық топтың жолы кесілген.

Полицейлер заңсыз айналымдағы 12 тоннаға жуық есірткіні, соның ішінде оның 212 кг синтетикалық түрлерін тәркілеп, 36 есірткі зерханасы мен 43 есірткі каналы жойылған, есірткілерді жарнамалайтын 1900 сайт бұғатталған. Министрлік нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы үш жылға арналған Кешенді жоспар әзірлеп жатқаны да сөз болды. Сонымен қатар «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» жеке заң әзірленіп жатқаны белгілі болды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы ішкі істер министріне елімізде азаматтардың қауіпсіздігін және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

Өз тілшіміз

КӨКЕЙКЕСТІ



діндарлардың торына топ ете түскен. Әлеуметтік желі арқылы танысқан жанашырлары оны содырлардың ортасына түсіреді. Ол оңтүстіктің тумасы, жасынан қазақша өсіп, нағыз қазақ тәрбие алған. Отбасындағы балалардың үлкені, өзінен кейін бір інісі мен бір қарындасы бар. Анасы мен әкесі де толыққанды тәрбиелі отбасынан шыққан азаматтар. Алайда, Айдос ойламаған жерден от басып, Сириядағы соғыс алаңынан бір-ақ шықты. Темір торға түсіп жастық өмірін сарпетті. Әу баста ол сабағын үздік оқып, мектепте спорттық жарыстарға қатысып, үздік жетістіктерге де жеткен. Ғаламтордың сиқырын ол темірторға отырғанда сезінді. Сириядағы үш жылы тозақтың отын кешіп келгенмен теңдей болды оған. Елде жүрген кезде өз бетінше намаз үйреніп, әлеуметтік желіде «жихадқа» шақыратын неше

ғана Айдостың санасына сәуле түседі. Өзінің адасқанын, алданғанын ұғады. Жазықсыз төгіліп жатқан қан, себепсіз өліп жатқан балалар, әйелдер, азаматтар, күнде жарылған бомба бәрі-бәрі бүгін де ұзаққа созылған қорқынышты түс секілді. Бірнеше рет оқталып қашып кеткісі келгенмен, қаша алмай қолға түсті. Азапталды, өз ісіне қатты күйінді. Бейбіт еліне, ата-анасына деген сағынышы кеудесін тырнады. Қандай қиындық көрсе де елге ораламын деген үмітін үзбеді. «Жусан» операциясы арқылы әйелдер мен балаларды елге оралтып жатқан тұста Айдос та осы лекке ілініп, елге аман оралды. «Жусан» операциясы – тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздік қызметі тарихындағы ең күрделі де ауқымды шаралардың бірі болды. Біздің елдің қауіпсіздігі тарихында ғана емес, халықаралық деңгейде деуге келер.

Сириядағы соғыс аймағынан отандастарымызды елге қайтаруға бағытталған «Жусан» операциясының бір-

терроризмге қарсы жалпы қоғам мен мемлекет болып бірлесе күресу маңызды. Адамын білімсіздік кесірінен кетсе де олар заң алдында жауап беруі керек.

Қандай да бір ақтау, аяу деген болмау қажет. Осы зұлматтағы балалардың, әйелдердің жағдайы тіпті бөлек, оларға мемлекет өз тарапынан гуманитарлық ұстаным бойынша көмегін көрсетіп жатыр. Алданып қалғандарға кешірім жасау керек те шығар, алайда қолына қан алып, бейреуді өмірін қиған көзсіз фанатизмнің салдарынан соғысқа білек сыбана кіріскен болса оны кешіруге болмайды. Заң қатал болуы керек және азаматтар өздерінің Отан алдындағы жауапкершіліктерін сезінуі тиіс. Адамдар арасында осындай ұстаным қалыптасуы керек. Қылмыс жасады ма зиянмен құдалануы қажет. Бұл «Терроризммен күрес – бұл тек мемлекет қана күресіп қоймай, әрбір сол мемлекетте тұратын адамдар жалпы қоғам болып күресуі керек. Кейбіреулер бірдене бола қалса, құқық қорғау органдары қайда қарады, арнайы қызметтер қайда болды деп ойлайды. Сонда бұл мәселедегі ата-ананың жауапкершілігі қайда? Елдегі діни сауаттылықты арттыру керек. Ислам діни адамзат баласын жақсылыққа бастайтын ең сенімді, ең ізгілікті дін. Осы дінді дұрыс ұстаған адам ғана дұрыс жолда болады. Ислам дінін XXI ғасырда адамдар әртүрлі түсінеді. Ең өкініштісі, осы асыл дінімізді бұрмалайтындар да аз емес. Бәрі айналып келгенде иманның жоқтығы, діни сауатсыздықтың кесірі.

Дін арқылы кез келген адам психологиялық тыныштыққа ұмтылады және жүрегіне тыныштық табады. Адамның рухы бір нәрсеге сенуді қажет етеді, сол арқылы қуаттанады. Дұрыс дін адам баласын жақсылыққа жетелейді, адамдар болашақтан тек қана жақсылық күтеді. Сондықтан әрбір адамның отбасы мүшелері азды-көпті болсын діннен хабардар болуы керек. Сондай-ақ, білім беру орындарында жастарға дәстүрлі діни мәліметтердің көбірек айтылғаны абзал. Сол себепті де біз ата-бабамыз ғасырлар бойы ұстанып келген ислам дінін насихаттауымыз қажет. Жат пиғыллы діни ағымдарға қарсы тұру – парыз.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН,
Алматы қаласы №11 мекемесі

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ – ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ТОСҚАУЫЛ

Зайырлы халықтың мәдениеті де жоғары, білім-білігі, парасаты биік болуы тиіс-ті. Өкінішке қарай, соңғы кездері құндылықтарымызға балта шабылып, рухани, діни ұстанымдар мен ислам діни ұстанымдарына қатысты көзқарастар қайшылығы орын алып жүр.

Ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүріміз мұсылман дінінің қағидаларына қарсы келмейтінін байқауға болады. Адам баласына асыл дініміз тыйым салған және рұқсат берген амалдар бар, осы амалдарды әрбір ел шариғат қағидаларына қарсы келмейтіндей етіп өткеріп жүр. Осы ретте салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптарды теріске шығару – адасушылық. Жаһандану заманында, әсіресе, жастар көп уақытты ғаламторда, әлеуметтік желіде өткізеді. Бұл шала сауатты діндар «ұстаздар» үшін таптырмайтын орын. Олар өздерінің теріс бағыттағы ілімдерін жастардың санасын улауға жұмсайды. Бүгін біз

осындай наным-сенімі теріс діндарлардың арбауына түсіп, ғаламтор арқылы арбауға алданған жас жігіттің тағдырын баяндаймыз. Ол осындай соқыр фанатизмнің жетегінде кетіп, шетелдік лаңкестердің ортасынан бір-ақ шыққан.

Діни сауатсыздығының кесірінен өмірі тозаққа айналған Айдостың жастық шағы да қиындыққа өтіпті. Теріс ағымдағы уағызшылардың да іздегені осындай бейкүнә жастар болса керек. Қазір жастардың көзі ашық дегенімізбен, оларды өз тілінде арбаушылар да жетіп артылады. Айдос та өзінің небәрі 18 жасында осындай теріс бағыттағы

түрлі үндеулерді көріп, соған сенген ол елден қалай өз еркімен шығып кеткенін сезбей де қалған.

Отбасын «мен Түркияға оқуға кеттім» деп алдап, өзі одан ары шекара асып кете барған. Олар Айдосты ғаламтор арқылы басқарған. Жолын төлеп, ақша салып алдаған олар Айдос секілді талай қыз-жігітті Түркияда тосып алған. Алдымен қаланың көрікті жерлерін аралап, көңілдеріндегі күдікті сейілткен арбаушылар артынша бұлардың құжаттарының бәрін жинап алған. Сосын қорқытып зансыз Сирияға алып өткен. Сосын ол жерде Айдос сияқты жан-жақтан келген адамдарды арнайы лагерлерге орналастырып, ДАИШ-тың арнайы мамандарының оқу-жаттығуынан өткізген. Ер балалардың соғыс алаңына жібереді. Айдос 3 жыл сол жерде соғыс алаңында жүріп, бір қолынан айырылып мүгедек болады. Сол жаққа жетіп соғысқа араласқанда

неше кезеңі отандастар үшін өте сәтті аяқталды. Ол Қазақстан Президентінің халықаралық аренадағы жоғары беделінің және еліміздің бейбітшілік бас-тамалары, қағидалары негізінде жүзеге асты.

Қылмыстың өтеуі – жаза, Айдос елге оралған соң өзінің жасаған қылмысын мойындап жауапқа тартылды.

Ол елге 21 жасында оралып, темір тордың ар жағында жазасын өтеп отыр. ҚР ҚК-нің 257-бабының 2-бөлігі бойынша Сирия елінде ДАИШ-тың арнайы мамандарының жаттығуынан өтіп, қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айырылды. Айдос өзінің жасаған әрекетіне қатты өкінеді, өзі сияқты жастарды арасып қалмауға, өзінің елін жерін отанын қорғауға, арзан жылытырақ заттарға қызықпауға, ата-анасын сыйлауға және өзінің салт-дәстүрін сыйлауға шақырады.

Діни экстремизмге тосқауыл қою,

РУХАНИЯТ

Алматы қаласында «Қазіргі жағдайдағы сапаның даму тенденциялары» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция аясында алғашқы анимациялық фильм мен ертегі кітабы таныстырылды.

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРЕТІН МУЛЬТФИЛЬМ

Мультфильм стандарттау және метрология бағыттары бойынша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған кәсіптік бағдар беру жұмысы шеңберінде әзірленген.

Дүниежүзілік сапа күніне арналған конференцияда, сондай-ақ, кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін қолдау үшін тиімді және пәрменді ұлттық сапа инфрақұрылымын құру, қызметтің барлық салаларына, оның ішінде кадрлар даярлау тәсілдерін онтайландыру және трансформациялау, кәсіпорындарды орнықты дамыту жолымен өнім сапасын арттыру, арттырудағы халықаралық стандарттардың рөлі туралы мәселелер талқыланды.

«Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту бөлігінде халықтың өмір сүру сапасының көрсеткіштерін белгілейтін ұлттық стандарттарды пилоттық енгізу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мысалы, ұлттық стандарттау жоспары шеңберінде экономиканың 16 саласында халықтың өмір сүру сапасының 120-дан астам көрсеткішін белгілейтін, оның ішінде байланыс қызметтерін, көлік қызметтерін, медициналық қызметтерді, қаржылық қызметтерді, білім беру қызметтерін, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және сауданы ұсыну сапасын көрсететін 37120 сериялы 3 іргелі халықаралық стандарттарды әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде», – деді ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы Қуаныш Елікбаев.

Сондай-ақ, ҚР СИМ ТРМК «ҚазСтандарт» ұйымы қызметкерлері Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университетімен бірлесіп «Техникалық реттеу, стандарттау және метрология саласындағы профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру» тақырыбында оқу орындарының өкілдеріне семинар өткізді. Соңында мастер-класс мен үлестерді жұмысқа орналастыру мәселелері талқыланды.

«Биылғы жылы конференцияны өткізу алаңы ретінде Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті оның базасында «ҚазСтандарт» академиясының құрылуына байланысты тандалды. Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерінде білім беру сапасын, өндірістің барлық салалары үшін, оның ішінде техникалық реттеу, метрология және стандарттау саласында мамандар даярлау деңгейін арттыру бар екенін атап өтеміз, – деді «ҚазСтандарт» бас директоры Ғабит Мұхамбетов.

Айта кетейік, жыл сайын қарашаның екінші бейсенбісінде Дүниежүзілік сапа күні атап өтіледі. Дәстүр бойынша, Дүниежүзілік сапа күні мерекелеу аясында қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуы үшін өнімдер мен қызметтердің сапасын үздіксіз арттырудың маңыздылығын көрсететін іскерлік іс-шаралар өткізіледі.

Өз тілшіміз

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА БАҒАМЫН ҚАЛАЙ ТҰРАҚТАНДЫРАМЫЗ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ресми тұлғалар да алдымен ортақ сауда нарығын қалыптастыруымыз қажет, валюта енгізу одан кейін ғана жүзеге асатын шаруа дегенді ашық айтып жүрді. Сондықтан ХХІ ғасырдың екінші онжылдығынан бастап ЕурАз-ЭО-ның ортақ валютасын айналымға енгізу жұмысы 2025–2030 жылдары жүзеге асады деген кезде оған күмән келтіруге уәделер аса көп бола қойған жоқ.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ Еуразиялық экономикалық одақ құрылғалы бері ортақ валюта енгізу мәселесі бір емес, оншақты рет көтеріліп байқауға болады. Алайда оның бәрі Ресей тарапынан және оның ықпалымен жасалғандықтан ұйымға мүше өзге ел тұрғындары тарапынан айтарлықтай қолдау тапқан жоқ. Қайта жұртшылық арасында бұл идеяны сынап, ұлттық валютадан айырылу, тәуелсіздіктен айырылумен бірдей деп санайтындар қатары ұлғая түсті. Сондықтан, кейбір қоғам және мемлекет қайраткерлері, саясаттанушылар мен экономика сарапшылары тарапынан ұлттық валютаның құнсыздануынан өз ақшасын әлемдік валютаға айналдыруға тырысқан АҚШ түрткі болып отыр. Оның жүргізіп отырған саясаты бүкіл дағдарыстың қайнар көзі. Бұл тығырықтан шығудың жалғыз жолы аймақтық және халықаралық деңгейдегі сауда-саттықта АҚШ долларынан бас тартып, төлем құралы ретінде оған қатысушы елдердің ортақ валюталарын айналымға енгізу қажет дегенді ашық айтып жүрді. Сол себепті экономиканы дамуын қалай тұрақтандырамыз деген сауалға жауап іздегенде АҚШ долларына тәуелділіктен құтылу үшін ұлттық валютаны құрбандыққа шалуға болады деген түсінікті қоғамға сыналап кіргізу жұмысы басталды. Тіпті,

әлемдегі ең қымбат және ең тұрақты деп саналатын Кувейт динары мен Швейцария франкінің бағамы АҚШ долларының бағамына тәуелді еместігі назардан тыс қалып қойды. Сондықтан валюта бағамы ең алдымен елдегі саяси және экономикалық тұрақтылыққа байланысты дегендердің өзі 29 жылда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 4 теңгеден 570 теңгеге дейін шарықтап кету себебін дұрыс түсіндіре алмады. Оны біресе мұнай бағасының құбылмалылығымен, біресе қаржы құралдарының тапшылығымен, біресе өңдеу өнеркәсібінің дамымауымен байланыстырды. Тіпті, теңгені бір емес бірнеше мәрте құнсыздандырып, девальвация жасаған кезде де оның бағамын тұрақтандыра алмай, оны ұстап тұру үшін бюджет қаржысынан жұмсалған миллиардтаған, миллиардтаған, триллиондаған қаржының есебін бере алмай, оның тиімсіз жұмсалғанын мойындауға мәжбүр болды.

ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы Ораз Баймұратов теңгенің құнсыздануы оның АҚШ долларына қатысты бағамын дұрыс белгілеуден басталды дейді. Кеңестік дәуірдің өзінде қаржылық қарым-қатынастар мен ұлттық валюталар бойынша КСРО деңгейіндегі санаулы маманның қатарында болған ғалымның айтуынша, одақтас республикалардың өз валюталары болуы қажет деген идея өткен ғасырдың ғылыми ортада ғана емес, бұқаралық ақпарат құралдарында 1980 жылдардың аяқ шенінен бастап көтерілген. 1990 жылдан кейін республиканың Жоғарғы Кеңесінің сессияларында да сан мәрте айтылып, бұл жұмысты бастайтын уақыт болғаны, тіпті, одан кешігіп келе жатқанымыз ашық айтылған. Соның нәтижесінде, 1993 жылы теңге айналымға енгізілген кезде де оның өзге валюталарға қатысты бағамы

ғылыми тұрғыдан толық сарапталмай, дұрыс шешім қабылданбаған. Елдің даму стратегиясын белгілеу барысында да ұзақ мерзімдік емес, қысқа кезеңдік басымдықтар назарға алынған. Сондықтан экономиканың орнықты даму жолын таңдағанда республиканың әлеуеті мен мүмкіндігі ғылыми тұрғыдан сарапталмай, экономиканың әлеуметтік сипаты назардан тыс қалып қойды. Қоғамның бай мен кедейге жіктелісі жылдам алшақтап, орта таптың қалыптасуына қажетті жағдай жасалмады. Сұраныс пен ұсыныстың арасындағы байланыс үзілген соң, өндіріс орта жолда қалып, қоғамда өндірістен тұтынудың үлес салмағы басым топ кетті. Білім мен ғылым халықтың жағдайын жақсартуға емес, жеке адамдардың мүддесіне қызмет ете бастады.

Егер ұлттық валютаның құнсыздануын тоқтатамыз десек, сұраныс-өндіріс-ұсыныс арасындағы тепе-теңдікті қалпына келтіріп, экономиканы материалдық емес рухани байлықпен ұштастыру қажет. Өйткені, рухани тұрғыдан аш адам, әрдайым қоғамның емес, жеке бастың қамын күйттеп, өз ортасынан алшақтайды. Бұл адамның адама деген адамгершілік қатынасын жоғалтып, ізгілік пен имандылық қасиетін жояды. Оны қалпына келтіру үшін көп нәрсе қажет емес. Тек ниет түзу болса жеткілікті. Бізге бәрін қысқа уақытта опырып-жапырып істеп тастайтын ұраншылыққа толы науқандық істер емес, болашақты баянды етуге бағытталған ұлы мақсатқа жеткізетін тынымсыз еңбек керек. Қазір адамзат материалдық емес, рухани байлықты дамытуға көңіл бөле бастады. Біздің еліміз де исламдық үйлесімді басшылыққа алып, оның ғылыми заңдарын ескеру қажет, – дейді О. Баймұратов.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

KELBET

ЖАН АҒА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Асу да жоқ артықпын деп, тасу да жоқ бармын деп. Баз баяғы қалпы, сол тұрпаты, сол тұлғасы. Бірден асқар ойымен, кескінді келбетімен баурап әкетеді.

Бойында жанашырлық, жақындық, бауырмалдық тартылыс күші бар. Аспаннан іздегенің жерден табылып, алтынға айырбастап ала алмайтын кең бір әлемге сүңгісін де кетесін. Жақсы адаммен, жан ағамен кездескеніңді ұғынып, сезім құшағында тасып кетесін.

Адамның мерейін үстем ететін оның мінез-құлқы екенін жоққа шығару мүмкін емес. Ата-баба рухына табыну, аманаттың ақ жолында адал болу – кейінгі ұрпақтың міндеті. Сан-алуан қарбаласқа, қызметтің хикметтеріне қарамай Өмірәлі ағамыз халқымыздың тарихи жолдарын, даму кезеңдерін алғаш рет жазып кеткен тарихшы, ұлы ғалым Қадырғали Жалаири бабамыздың мұраларын зерттеуде, жарыққа шығаруда атқарған еңбегіне уақыт өзінің үлкен бағасын берді.

Өмекең Ресей жерінен бабамыздың мәңгілік орнын тауып, басына белгі қойып, қазақ халқының даңқты ұлының мәңгі өлмес еңбегін ұлықтап, өзгелерге танытып, тарихи шындықтың бетін ашып қайтты. Ұлы бабамыздың атындағы халықаралық қайырымдылық қорының басшысы ретінде атқарған еңбегі де ұшан-теңіз. Аталған айтулы шаралар бір бастың қамы, атақ, даңққа, мансапқа жетудің жолы емес, керісінше «елім деп еңіреген, халқым деп қайыспаған» азаматтың ғана қолынан келетін іс.

Өмірәлі ағамыз Жетісу жерінің кенен де кемел Көксу өзенінің бойындағы Беріктас деп аталатын ауылда дүниеге келген. Тегінде туған жердің тасы мен топырағы, бұлағының мөлдір бір тамшы суы, жайқалған шалғыны мен көмкерілген гүлдері, айбынды таулары мен асқаралы белдері өмірге келген нәрестенің мінез-құлқының, болмысының қалыптасуына тікелей әсер ететін сияқты. Беріктастың әсем табиғатына көз жанарыңыз тоймайды, қарай бергіңіз, аралай бергіңіз келеді. Ағамыздың бойындағы асыл қасиеттер осы құдіретті атамекен дарытқан



(Сурет ашық дереккөзінен алынды)

табиғи заңдылықтың көрінісі ретінде сезіледі, маған.

Өмекең өзінің саналы ғұмырын заң ғылымын дәріптеу, зерттеу саласына арнады. Ата Заңымыздың құрылымы мен өзгеру, тұрақтану жолдары туралы бірнеше танымдық мақалалар мен зерделеу жұмыстарын жүргізіп, қоғамның дамуына ықпал ететін ғылыми еңбектер жазды. Заң

ғылымдарының докторы, профессор сияқты ғылыми дәрежелер сол терең толғаныстың, үздіксіз ізденудің, жалықпай жанданудың нәтижесі деп білеміз.

Әрбір азаматтың алтын басының артықшылығын айқындайтын, өмірінің мәні мен сәні – ол жанұясының жарасымдылығы. Өмірәлі ағамыз бен Кашипа әпкеміз елу жылдан

астам бір шаңырақтың астында ғұмыр кешіп, отбасылық дәуірдің қиыншылықтары мен қызықтарын бірігіп шешіп, балалары мен немерелерін адал болуға, адам болуға тәрбиеледі.

«Алтын тойдың» шымалдығы айқара ашылып, бақ пен дәулеттің, махаббат пен бақыттың, азаматтық пен парасаттылықтың мерекесі өз деңгейінде дүбірленіп өтті, күні кеше ғана. «Сүйер ұлың болса, сен сүй, Сүйенерге жарар ол» – деп ұлы Абай хакім айтып кеткендей, Өмекең өз елінің, жұртының сүйікті перзенті, адал ұлы дәрежесіне көтерілді. Бұл жеңіс ондаған тынымсыз өткізген жылдардың, уақытпен санаспаған айлардың, кіршіксіз өткізген күндердің жемісі еді.

Ол өз дәрежесінде алдына келген азаматтарға сүйеніш болды, жағдайына қарай қолдау көрсетті. Әлсіз әлеуметтік топтан шыққан бірнеше ұл мен қыздың Қонаев Университетінде тегін білім алып жатқанын айтсақ та жеткілікті емес пе?

«Өмірдегі күллі қаһармандық пен қайырымдылық, білім мен ізгіліктің қайнар көзін жүректегі иманнан ізденіздер» – деп өсиет қалдырған екен ғұлама бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби.

Иманды болу – ірі болудың, арлы болудың алғы шарты. Имандылық – адам бойына ерекше күш-қайрат беретін, санасына салмақты ойлар саялатып, білім мен ізденудің терең теңізіне бойлағатын, арман көзкіеіне бастайтын ұлы қасиет. Осы құндылықтардың бәрі Өмірәлі ағамыздың өмірлік бағдаршамы, жарық жұлдызы болды.

«Еліне елеулі, халқына қалаулы» болып күн кешу кез келген азаматтың маңдайына жазылатын бақыт емес. Мұндай дәрежені сұрап алу, тіпті сатып алу да мүмкін емес. Бұл дәстүр мен салтынан жаңылмаған, дарынды ұлдарына туған халқының, жамбоз жұртының берген ақ батасы, айтар алғысы.

Биылғы жыл – сексен жастың сегіріне шығып, ата жолынан айнымай, нұрлы жанарымен болашаққа бағдар жасап, еңсесін биік ұстап, егеменді еліміздің игілігі үшін талмай еңбек етіп жүрген Өмірәлі ағамыздың мерей тойы.

Ердің атын еңбек шығарады, Елдің атын ер шығарады.

Сынаптай сырғыған уақыт өз қолтаңбасын қалдырып, тарих қойнауына еніп жатыр. Өскелең ұлдарымыз бен қыздарымыз, жазиралы жеріміз, қасиетті халқымыз аман болсын! Ұлы замана көшінің алдыңғы қатарында тұғырыңыздан түспей, аман-есен жүре беріңіз, жан Аға, жақсы Аға!!!

ТЕКТИ АТАНЫҢ
ТЕКТИ ТУҒАН
ЖАЛҒАСЫ

*Алғыспенен толып жатқан қамбасы,
Текті атаның текті туған жалғасы.
Мен білетін, мен сыйлайтын сол адам,
Жақсы аға, жақсылардың көш басы.*

*Келінті деп бір інішек алыстан,
Іздеп келіп, мені өзі танысқан.
Мейірімін төгіп кетті сол жолы,
Бауыр болды мәңгілікке табысқан.*

*Ұстаз болу мұраттардың мұраты,
Терең білім бойға біткен қуаты.
Қонаевтың атындағы бас мектеп,
Түлектердің шөлі қанған суаты.*

*Жан тербеген жақсы ағаның мінезі,
Мың адамның қарасындай бір өзі.
Білім қуған, талабы бар жастардың,
Өзек жарып, өмір жолын түзеді.*

*Ауылы көркем өлке Күреңбелде,
Көксудай өзені бар нулы белде.
Кіндік қаны тамған жер Беріктаста,
Өмекеңді кім білмес біздің елде.*

*Жақсы адамға жарасады парасат,
Жаман адам түзу жолда адасады.
Ағамыздың өмір жолы өсиет,
Басқан ізден шашылады шарапат.*

*Қырда туып қыран мінез дарыған,
Ағайын деп жарылады ағынан.
Жақсы ағаның құшағында жетілдік,
Көрмей қалсам көлеңкесін сағынам.*

*Ардақтап бабалардың аманатын,
Әлемге танытуда асыл затын.
Ұлықтап ұлылардың жазған хатын,
Атынан бір түспеген азаматтым.*

*Әрбір күні гибрат жол, үзінді,
Жарты ғасыр басып келем ізіңді.
Өкпе деген өлшемдерді білмейсің,
Толтыра бер жақсы деген тізімді.*

*Қамқор болған балаға да, бауырға,
Біледі оны қалада да, ауылда.
Жақсылардың жанашыры жан аға,
Жүріп жеткен биігіңде дамылда.*

*Қолда барды бөліп бізге беріп едің,
Аты мәлім ұлы болдың туған елдің.
Ешкімнің тұлғаңызға таласы жоқ,
Сексен деген сегіз жасы серілердің.*

**Бағлан МАҚҰЛБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының
отставкадағы судьясы**

ПАЙЫМ

Бала – болашағымыз. Бұл әрбір жанның жүрек түкпірінде, көңіл қалтарысында жүретін өмірлік қағида. Себебі адам өмірінің мәні мен сәні – бала.

Қазақта «Адам болатын бала алысқа қарайды» деген тәміл бар. Бала мықты болып өсуі үшін дұрыс тәрбие мен білім қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «2022 жыл – балалар жылы» деп жариялап, биылғы жылы түрлі мерекелік шаралар мен жиындар өткізу емес, балаларды қорғау мақсатында денсаулығы мен білім сапасын арттыру, әлеуметтік қамсыздандыру басты міндет екенін айтқан еді.

Президент өз сөзінде: «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз. Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар мен реформалардың игілігін міндетті түрде көреді. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек», – деп атап өтті. Биылғы жылы жас буынның тәрбиесі мен біліміне баса мән беру алға қойылған басты тапсырма болып белгіленді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультетінде биылғы балалар жылына орай ҚР Отбасы құқығы, Әлеуметтік қамсыздандыру, Азаматтық құқық пәндері бойынша білім алушыларға балалардың құқықтары, олардың әлеуметтік қорғалуы, ата-аналардың құқықтары мен міндеттері жөнінде ашық талқылау, дәрістер кеңінен өткізілуде. Дәріс барысында білім алушы жастарға – отбасы құндылықтары, оның ішінде адам құқығы бала құқығынан бастау алатындығы, балаларды қорғау басты парыз екендігі, Отанды және отбасын құрметтеу насихатталды. Кез келген бала орта білім алуға, ақылы немесе мемлекет бөлетін грантпен жоғары



білім алуға, өзі қалаған мамандық иесі атануға, мемлекеттік жұмыспен қамтамасыз етілуге, ата-анасынан айырылған балалар мемлекеттік жәрдемақы алуға, белгілі бір қоғамдық орындарда жеңілдіктерге ие болуға, тегін медициналық көмек алуға құқылы.

Бала үйлесімді дамуы үшін махаббат пен мейірімділік бар ортада, отбасында, жақын және сүйіспеншілікке толы адамдар арасында өсуі

керек. Ересектердің міндеті – баланы өз бетінше өмір сүруге дайындау, қоғамның толыққанды мүшесі болуына көмектесу және баланың қалыптасуына физикалық және интеллектуалдық дамуына жағдай жасау.

Балалардың әртүрлі топтары – әртүрлі көмекке және тең әлеуметтік қорғауға мұқтаж. Әлеуметтік қорғауға мұқтаж балалардың басым топтарына – жетімдер, ата-анасының қамқор-

лығынсыз қалған балалар, жағдайы нашар отбасынан шыққан балалар, асырап алынған балалар, көп балалы, толық емес отбасылардың балалары; функционалды даму ерекшеліктері бар балалар, жұмыссыз азаматтардың балалары жатады. Сондай-ақ, қарулы қақтығыстардың, экологиялық және технологиялық апаттардың құрбаны болған балалар, босқындар мен мигрант отбасылардың балалары, заңмен байланыста болған және ішкі істер органдарында профилактикалық есепке алынған балалар да осы топқа кіреді.

Балаларды әлеуметтік қорғауға үш бірдей билік тармағы жауапты – заң шығарушы, атқарушы және сот. Басымдылық мемлекет пен ол құратын институттарға тиесілі. Олар балаларға қатысты әлеуметтік саясат пен заңнаманы қалыптастырады, оның іске асырылуын қамтамасыз етеді және әлеуметтік қауіпсіздікке кепілдік береді.

Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың елеулі тақырыбы. Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Кез келген халық ұрпақ тәрбиесін – ұлттың тағдыры, болашағы деп біледі. Ал, бала ешқашан ұлтқа, нәсілге бөлінбейді. Барлығы бір атқа ие, ол – бала.

**Г. МУКАЛДИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Азаматтық құқық және азаматтық іс
жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының
профессор м.а., з.ғ.к.
А. ЕСЕКЕЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
1 курс PhD докторанты**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Биыл өзге шаруаны жиып қойып, Қаңтар оқиғасы мәселесімен байланысты істі бастаған соң, тоқтай алмай қалдық, шынын айту керек. Күнделікті шаруа тығыз. Күндізгі 10-нан кешкі 5-ке дейін азаматтарды қабылдаймын. Одан кейін прокуратураға келіп, қабылдаған азаматтардың мәселесі бойынша мынаған жеңілдік жасау керек, мынаны шығару керек деп мәселе көтеремін. Әрине, менің айтқанымның бәрі бола бермейді. Бірақ адвокат, заңгер болғанын көп нәрсе маған түсінікті. Әріптестеріммен де кездесем. Дәл қазір 7 жылға сотталған бір азаматтың ісі бойынша жақын адамдарын қала прокуроры орынбасарының қабылдауына кіргізіп, жағдайын айтқызым. Қазақстан бойынша жұмыс жасаған соң менің мүмкіндігім кеңірек. Көп адвокаттарда ондай мүмкіндік жоқ. Бір қаладағы практиканы ғана біледі. Республикада не болып жатқанын адвокаттар тұрмақ, прокурорлар да білмейтін кезі көп. Тек қана қаңтар мәселесімен айналысып жатқан соң, осы мәселеде өзгелерге қарағанда тәжірибем көптеу. Келіп қалалық әкімшіліктің ішіне кіргендердің ғимаратты басып алу ниеті жоқтығын дәлелдеп бердім.

— Қаңтар оқиғасына байланысты елімізде бір емес, бірнеше комиссия



Абзал ҚҰСПАН, «Аманат» комиссиясының төрағасы:

«ХАЛЫҚ АРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ ТЕРГЕУГЕ АРАЛАСТЫРУ – ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН АЙЫРЫЛУ ДЕГЕН СӨЗ»

құрылды. «Аманаттың» олардан басты айырмашылығы неде?

— Қазір әркім әртүрлі айтып жүр ғой. Ең басты айырмашылығымыз кәсіби адвокат болуымызда. Біз ең бірінші боп арнайы комиссия құру және ол міндетті түрде биліктің қолдауына ие болуы керек деген ұсыныспен Ақордаға шықтық. Осыған байланысты әңгімеге қалатынымды мен сол кезде-ақ білдім. Бірақ өзгелер секілді әлеуметтік желінің батыры болып диванда жата беруге дәтім бармады. Өйткені, адвокат ретінде қамауда жатқан азаматтармен кездесіп, олардың жағдайын білу үшін әркімнен бір рұқсат алып, әрқайсысына адвокаттық хабарлама, яғни, ордер толтыратын болсақ кешігіп қалар едік. Әрбір қылмысты зерттеу үшін рұқсат беретін тек билік ғана. Сондықтан мен Ерлан Қариннің қабылдауына келіп, осы жағдайды түсіндіріп айттым. «Мыңдаған адамды қамауда ұстап отыра алмайсыңдар. Филтрация деген процесс басталады. Ішінде жазықсыз ұсталып қалған адамдар болуы мүмкін. Ерте ме, кеш пе, амал жоқ, оларды шығарып тастайсыңдар. Сол кезде бұл мәселені жеке тергеушінің шешуіне қалдыруға болмайды. Ол жерде азаматтық қоғам өкілдерінен құралған комиссия отыру керек» дедім. Ол тек адвокаттар ғана болмасын, Ұлттық кеңестен, Парламент Мәжілісінен адамдар қосайы деген ұсыныс айтылды. Соның нәтижесінде қазір біз іс жүзінде нақты адамдарға көмегіміз тиіп жатқан комиссиямыз.

Біз билікпен ымыраға саналы түрде бардық. Өйткені, онсыз сотқа да, прокуратураға да, тергеушілерге де, олардың біріккен комиссиясы ведомстваралық тергеу тобына да сөзін жүрмейді. Осы жерде бір нәрсені қосып айтып кетейін. Еркін Рақышев, Рысбек Сәрсенбайұлы, марқұм Балташ Тұрсынбайұлы ағаларымыз құрған комиссиямен біз кәдімгідей жұқса жұмыс істедік. Ол кісілердің еңбегін де жоққа шығара алмаймыз. Әртүрлі өңірлерге шыққан кезде Рысбек ағалар келе жатыр, олар ертең айғай шығарады, одан да жағдайды жеңілдетейік деген әңгімелерді, жасыратыны жоқ, біз пайдаландық. Ол кісілермен қоян-қолтық жұмыс жасадық деп айта аламыз.

— Комиссиядан бөлек, «Рақымшылық туралы заңға» да бастамашы болғандарыңызды естідік. Бұл идея қашан, қалай пайда болды?

— Жұмыс барысында қамау мен тергеу изоляторы жағдайындағы 600-ге жуық азаматпен жеке-жеке сөйлестік. Бұл олардың туған-туыстары мен адвокаттарын есептегенде. Соның нәтижесінде Президентке амнистия қажет деген ұсыныспен шықтық. Нақты айтқанда қамаудағылармен кездесу қаңтардың 24-інен басталды да, рақымшылықтың қажеттігі туралы ой бізге ақпан айында келді. Неге десеніз, қамаудағылар бізге: «сіздер Президенттің қолдауына ие болып отырсаңыздар онда біздің сәлемімізді жеткізіңіздер.

Біз әу баста осы жерге шыққанда бейбіт митинг деп, өзгерісті қалап шықтық. Ғимараттарды қиратайық, бұзайық, өртейік деп шыққан жоқпыз. Бір жолға бізге кешірім берсін. Мүлдем сүттен ақ, судан таза болмай-ақ қояйық. Арамызға арандатушылар кіріп кетті де, арты осындай жағдайға ұласты» деді. Содан кейін біз оқиғаға анализ жасап, 1986 жылғы Желтоқсанның істерін мысалға келтіре отырып оны Президентке ұсындық. Мемлекет басшысы оны қабыл алып, тапсырма берді. Одан кейін жұмыс тобында да болдық.

— «Рақымшылық туралы» заңның жобасын жасауда қандай нормаларды негізге алдыңыздар?

— Бастамашылықтан бастап, заң шыққанға дейін араластық. Қазір ол заңның орындалуын жүзеге асырып жатырмыз. Бұл заңның басты ерекшеліктері мынада: бірінші ол тәуелсіз ел болғалы рақымшылыққа қатысты қабылданып жатқан оныншы заң. Екінші, нақты оқиғаға байланысты шығып отырған алғашқы заң. Осы кезеңге дейін қабылданған өзге заңдар жоспарлы түрде белгілі бір мерекеге ыңғайлап шығарылатын. Бұл жолғысы Қаңтар оқиғасына байланысты деп шығып отыр. Үшінші, онда өте көп жеңілдіктер бар. Бұрынғы заңдарда егер келтірілген залалды өтемесе, кінәсін мойындамаса, шын өкініп кешірім сұрамаса рақымшылық қолданылмайды деген норма бар болатын. Жаңа заңда мұндай шектеулердің бәрі алынып тасталды. Тек қана 2-бапта терроризм, азаптау қылмыстары деген сияқты нақты 8 түрлі жағдайда жеңілдіктің қолданылмайтыны көрсетілген. Тағы бір ерекшелігі бұл заңнан кейін іс жүзінде қаңтар оқиғасына қатысқан азаматтардың басым бөлігі қамаудан босатылатын болады. Мәселен, Қазақстан бойынша 5300-ден астам қылмыстық факт тіркеліп, 1600-ден астам адам ұсталды. Мыңнан астамына сот үкімі шықты. Рақымшылық заңы шықпай тұрып мыңнан астам сот үкімі оқылып, мыңға жуығына бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза тағайындалды. Енді шартты жазаға шыққандарға да, сотталып өткендерге де, жазасын өтеп жатқандарға да, тергеудегі адамдарға да рақымшылық заңы қолданылады.

Мемлекет оны жасырып отырған жоқ. Заңның басында қоғамдық татулық пен келісімді сақтау мақсатында жасалғаны жазылып отыр. Яғни, бұл қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жасалған бір жолғы кешірім. Бірақ, түгел кешірім жасауға болмайды. Президент 1 қыркүйектегі жолдауында да айтты. Ұйымдастырушылар мен террористерге ешқандай кешірім жоқ.

— Дегенмен, рақымшылық туралы

заң қамаудағыларға зорлық-зомбылық көрсеткен полиция қызметкерлеріне де қолданылуы мүмкін деген күмән бар...

— Халықтың бұған алаңдайтын жөні жоқ. Ол жерде тек қана полиция емес, күштік құрылым деп айтқан дұрыс. Күні бүгінге дейін күштік құрылым өкілдеріне қатысты 49 қылмыстық іс тіркелген. Соның тек біреуі ғана қылмысты жасырғаны үшін істі болып жатыр. Сол адам ғана рақымшылыққа ілігеді. Өйткені, ол ауыр қылмысқа жатпайды. Орташа қылмысқа жатады. Ал азаптау фактісімен істі болып жатқан күштік құрылым қызметкерлерінің бір де біреуіне бұл заң қолданылмайды. Оны кесіп тұрып айтамыз. Өйткені, азаптау фактісі 2-бапта көрсетіліп тұр.

— Қаңтар оқиғасы кезіндегі мемлекеттік шығынды өтеу мәселесі қалай шешілетін болды?

— Амнистияны қолдануға ол кедергі болмайды. Яғни, рақымшылықтың берілуі азаматтық жауапкершіліктен құтқармайды. Мына арада тағы бір мәселені айта кетейін, көптеген сот практикасы көз алдымынан өтіп жатыр

Күні бүгінге дейін күштік құрылым өкілдеріне қатысты 49 қылмыстық іс тіркелген. Соның тек біреуі ғана рақымшылыққа ілігеді. Өйткені, ол ауыр қылмысқа жатпайды. Орташа қылмысқа жатады. Ал азаптау фактісімен істі болып жатқан күштік құрылым қызметкерлерінің бір де біреуіне бұл заң қолданылмайды. Оны кесіп тұрып айтамыз. Өйткені, азаптау фактісі 2-бапта көрсетіліп тұр.

ғой. Қаңтар оқиғасы кезінде Шымкентте де, Қызылордада да, Талдықорғанда да, Таразда да зардап шеккен негізінен мемлекеттік ғимараттар. Шағын бизнес субъектілерінің шығынын мемлекет өзі қайтарып тастады. Амнистия қылмыстық жауапкершіліктен құтылуға кедергі болмайды. Бірақ азаматтық жауапкершіліктен құтылмауы мүмкін жекелеген категориялар. Десек те, дәл қазір бұл мәселе күн тәртібінде өткір тұрған жоқ.

— Қаңтар оқиғасын халықаралық деңгейде тексеру керек деп жатқандардың кейбіреуі халықаралық деген сөздің өзін дұрыс түсінбейтін сияқты?

— Бұл жерде халықаралық дегенді екіге бөліп қарастырамыз. Біріншісі, нақты бір шет мемлекет. Ол бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттің ішкі ісіне араласуы деп түсініледі. Сондықтан бұл ешқандай талқыланбайтын дүние. Халықаралық ұйым дегенде де оның қайсысы деген сұрақ туындайды. Мәселен, Халықаралық қылмыстық сот (МУС) деген ұйым бар. Алайда Екінші

дүниежүзілік соғыста жеңімпаз мемлекет жеңілген мемлекетті соттағанынан басқа бір керемет тәжірибе де болған жоқ.

Жалпы, тергеу барысы жүріп жатқан кезде ешбір есі дұрыс мемлекет басқа шетелдік ұйымдарды ішкі шаруасына араластырмайды. Ол тәуелсіздігінен айырылуының бірден бір факторы болып есептеледі. Егер бұл мәселе де сиырқұйымшақтанып ондаған жылға кетіп, шешілмей жатса және ол ішкі толқуларға әкелсе ғана тергеуге БҰҰ жанындағы жекелеген құқық қорғау ұйымдары араласуы мүмкін. Онда да сырттай баға беру мен тергеу мәселесі екітүрлі. Қазіргі жағдайда, бұған ешкім араласа алмайды. Оның керек десеніз механизмі жоқ. 2000 жылдары Халықаралық қылмыстық сот құрылды. Осы кезге дейін ауыз толтырып айтарлықтай бір де бір нәтижелі ісі жоқ. Югославияны мысалға келтіреді біреулер. Онда шынымен соғыс болды. Ол ондаған жылға созылды және ұлтаралық, этносаралық, дінаралық сипат алды. Одан кейін Югославия мемлекет ретінде жойылды. Содан кейін барып ХҚС тергеуге араласты. Оның өзінде мына бір қызықты қараңыз, сол кездегі істі болған әскери қолбасшылар ХҚС айтқан жерге қуана-қуана барған. Себебі, бағыс Еуропа елдеріндегі барлық

түрде соған үн қосу қажет. Сонда ғана бізде әділетті қоғам орнайды. Бұл тергеу, сот, прокуратурадан жауапкершілікті алып тастау деген сөз емес. КСРО кезіндегі криминалды орта арыз жазғанды – стукач, мәлімдеушіні – терпила деген ұғым қалыптастырған. Осындай бандиттік ұғымдардан, заңсыздықтан ада болуымыз керек. Бала-шағаны солай тәрбиелеуіміз керек. Біз өзгерер, өзгермеспіз, кейінгі толқын келе жатыр. Абайдың сөзі бар «Сөз түзелді, ағайын сен де түзел!» деген. Оқыған, көзі ашық, ел қамын жейтін азаматтар әрекет ететін кез қазір.

— Неге елге үлгі болатын азаматтар аз?

— Көбі өзі біліп отырған нәрсені айтуға батылы жетпейді. Айтсаң ертен әлеуметтік желіде жұрт есімізден тандырады дейді. Тарихи сәт деген нәрсе болады. Көп адам сол тарихи сәтті байқамай қалады. Жібепіп алып, артынан өкініп жатады.

— Елге қызмет ету білімнен емес, мінезден деген осы шығар.

— Әлихан Бөкейхановтың сөзі ғой. Бұрын 50х50 деп ойлайтын едім.

Сауаттылық деген керек қой деп. Қазір мінезден екеніне әбден көзім жетті. Мәдениетті білімділерден ешқандай пайда жоқ екенін көріп отырмын. Мінез көрсете алмаса, мәдениеттен не пайда?!

— Әлеуметтік желіде кей кезде 1990 жылдардағы бандиттік кезенді аңсаушыларды да көріп жүрміз. Бұл туралы сіздің ойыңыз қандай?

— Бұған идеологияны дұрыс қалыптастыра алмаған мемлекеттің де кінәсі бар. Бәрі соған келіп тіреледі ғой. Шындықты мемлекет өзі шығара алмай жатса, әділдікке қол жеткізе алмай жатса адамдар әділдікті қайдан іздейді? Әрине, сырттан іздейді. Сол кезде полиция әділдікті қамтамасыз ете алмады. Қауқарсыз болды. Адамдарды кез келген жерде тонап, үйлеріне басып кіріп, қорқытып дүниелерін тартып алатын. Сол кезде осылар еріксіз туған нәрсе ғой.

Студент кезімде ұйымдасқан қылмысты көп зерттегем. Әу баста Италияның Сицилия өңірінде пайда болған мафия деген ұғым қарапайым халықты зорлықшылардан қорғаушы Робин Гуд сияқты топтар екен. Қазір ол жағымсыз сөз. Бізде де 90 жылдардың басында осындай жағынан көп көрінді. Мысалы Сабыржан Махметовке мен бандит, қылмыскер деп қарамаймын. Орал өңірінен шыққан Оралбек Қожагелдин деген азаматты да бандит деп қарамаймын. 1999 жылы тапсырыспен өлтірілген кезде артындағы отбасына 3 бөлмелі пәтерден басқа еш дүние қалдырмаған адам. Қарапайым халықты қорғаушысы болды. Бірде бір рет істі болған жоқ. Көптің ішінде осылар да кетіп қалмаса екен деймін. Әрине, бандиттік құрылымдарды әспеттеуге болмайды.

— Сот тәуелсіздігіне қатысты бізде алыпқашпа сөздер неге көп?

— Сот тәуелсіздігін мен екіге бөлем. Қарапайым істер бойынша сотта шындыққа жетуге болады. Оны кәсіби маман, адвокат ретінде айтамын. Онда сауатты заңгер жалдау арқылы, болмаса өзіндік сауаттылығы арқылы көп жағдайда оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Бір саланы толығымен сыбайлас жемқорлыққа батты деп айтуға болмайды. Бірақ тапсырыспен қаралатын істер де бар. Оны да жоққа шығара алмаймыз. «Ескі Қазақстанда» тапсырыспен сотталғандар өте көп. Талайын мен өзім де қорғадым. Басында тауға ұрсаң да шындыққа қол жеткізе алмайсың.

Сот тәуелсіздігі толығымен қалыптаса қойған жоқ. Негізі қазіргі таңда сот саласына ескі кадрлардан арғылу деген мәселе өте өзекті. Сотты дұрыстау арқылы біз бір оқпен бірнеше қоянды атып алуымызға болады. Яғни, тергеу, прокуратура қызметі автоматты түрде дұрысталады. Өйткені, бұрынғыдай қонвейерлік істер тапсырыспен өтпейтін болады. Ол үшін тағы қайталап айтамын, ең алдымен сот саласындағы кадрларды дұрыстау керек.

— Қауірт шаруаңыз көп болса да, уақыт тауып сұхбатқа келіскеніңізге рақмет. Істеріңіз жемісті болсын!

САРАП

БІЛГЕН ЖӨН

ЕСІРТКІГЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАРДЫ ТЕРГЕУ МЕН АШУДАҒЫ СОТ-САРАПТАМАСЫНЫҢ РӨЛІ

Әр түрлі қылмыстардың туындауына әкеліп соғатын нашакорлық және есірткі бизнесіне қарсы күреске бүгінгі таңда ерекше назар аудару, оларға қарсы мейлінше ықпалды, әрі тиімді шараларды үздіксіз жүргізу барша-мыздың басты міндетіміз.



Есірткі заттарын өткізу, тасымалдау және сақтаудың ерекше қоғамдық қауіптілігін түсінетін уақыт келді. Бұл қылмыс ең алдымен халық денсаулығын нашарлатуға қарсы бағытталған және құқықтық тұрақтылық пен қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық жай-күйге кері әсерін тигізетін теріс құбылыс.

Халық денсаулығына қарсы қылмыстардың аса қауіптісі де осы есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың аналогтарын заңсыз айналымға түсірумен айналысу. Есірткі заттар адамның психикасына кері әсер етіп, одан әрі организмді бүлдіретін синтетикалық немесе табиғи тектес заттардың жиынтығы.

Есірткі құралдарын қолдан жасау арқылы, сора өсімдігінен (марихуана, гашиш, каннабис смоласы, гашиш майы), көкнәрдан (апиын, көкнәрдін сабағы, сығынды апиын, аштилденген апиын), эфедран (эфедрон) алынған, сондай-ақ, бүтіндей өсімдіктер немесе сора, көкнәр, эфедра өсімдіктерінің ұнтақталған бөліктері; заңсыз дайындалған жартылай синтетикалық және синтетикалық есірткі құралдары немесе психотроптық заттар (героин, амфетамин және оның туындылары); құрамында есірткі құралдары немесе психотроптық заттар мен прекурсорлар бар, зауытта дайындалған немесе дәріхана желісінде дайындалған дәрі-дәрмектер; есірткі құралдары немесе психотроптық заттардың аналогтарын дайындау, алдын ала өлшеп орау, қолдану, сақтау, тасымалдау – ҚР заңдарымен қудаланатын аса ауыр қылмыстар.

Осы зерттеу түрінің объектілеріне есірткілерді дайындауға арналған аспаптар мен құрал-жабдықтар; есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың шикізат көзі туралы ақпаратты бар қылмыстық іс материалдары, олардың сақталу орындары, дайындалу технологиясы, сондай-ақ, оқиға болған жерді тексерудің, дәлелдемелік заттарды алудың хаттамалары жатады.

Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорлардың сараптамасы келесі міндеттерді шешеді:

- белгісіз заттардың жаратылысын анықтау және оларды есірткі құралдары, психотроптық заттар, олардың аналогтарын прекурсорлардың белгілі бір түріне жатқызу;
- жеткізгіш заттардағы есірткі құралдарын, психотроптық заттар, олардың аналогтары мен прекурсорлардың іздерін анықтау;
- шикізат, дайындау технологиясы, сақтау талаптары және тағы басқа бойынша зерттелетін объектінің ортақ топтық қатыстылығын анықтау;
- оларды дайындау немесе өндіру орны мен тәсілі бойынша зерттеу объектілерінің ортақ шығу көзін анықтау;
- есірткі құралдарын қолдан жасау тәсілін, технологиясын және басқа да сипаттамасын анықтау;
- тексерілетін оқиғаға байланысты нысандардың уақытша және кеңістік байланыстарын анықтау.

– Осы сараптаманы жүргізу кезінде келесі сұрақтарға жауап ізделеді:

– осы зат есірткі құралы, психотроптық зат, олардың аналогы, прекурсор болып табыла ма, олардың қай түріне, тобына жатады, мөлшері қанша?

– Жеткізгіш заттарда есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтарының іздері бар ма, егер болса, атап айтқанда қандай?

– Осы өсімдіктер есірткі құрамдас болып табыла ма және ол қандай түріне (текке) жатады, ол зауытта немесе қолдан жасалған ба?

– Зерттеуге ұсынылған темекі бұйымдарының (олардың қалдықтарында) құрамында есірткі заттары бар ма, бар болса, қандай?

– Олардың аналогы құрамының мөлшері, дайындалу технологиясы қандай, бұл сора, көкнәр өсімдіктері нақты бір учаскіде өскен бе?

– Дайындалу технологиясы бойынша осы есірткі құралдарының (психотроптық заттардың) шығу көзі бір ме, олар бірнәуіш массада болған ба?

Өсімдік тектес есірткі құралдарының көп мөлшерін (көлемдерін) сараптамаға алған кезде, мөлшері 10-20 г болатын 4-5 үлгісін жіберу ұсынылады. Үлгілерді әр тереңдіктен, әр жерден – әрбір бұрыштан және ортасынан жинап алу керек. Сусымалы түрдегі үлгілер әр орамадан 5-10 грамнан төртке бөлу әдісімен (орталанған сынама) жинап алынады. Объектілердің сұйық түрін алдын ала шайқап араластырып, 20-50 мл мөлшеріндегі орташа сынаманы жеке ыдысқа құяды.

Есірткі заттарының дайындалу тәсілі туралы сұрақты шешу үшін заттармен бірге (пресс-формалар, елеуіш, пышақтар, тырнауыштар таразылар) оларды дайындау кезінде пайдаланылуы мүмкін заттарды да (аспаптар, құралдар) жіберу керек.

Ұсталған адамдардың есірткілерді қолдан жасау, сақтау немесе тасымалдау кезінде пайдаланған заттары, саймандары, құрал-жабдықтары, сондай-ақ, киімдері мен басқа да заттары есірткі құрамдас өсімдіктердің микробөлшектерінің немесе жұғындылар түріндегі есірткі құралдары қалдықтарының бар-жоқтығына зерттеу жүргізіледі.

Сот-сараптама қызметі туралы заңның 24-бабына сәйкес, зерттеуге ұсынылған объектілердің сақталуын қамтамасыз ету сарапшының міндеті.

Жүргізілген сараптама бойынша көрінеу жалған қорытынды бергені үшін ҚР ҚК-нің 420-бабы бойынша көзделген қылмыстық жауапқа тартылатыны сарапшыға ескертіледі.

Есірткі құралдарына байланысты қылмыстарды тергеу мен ашуда сарапшының қорытындысы дәлелдеменін басты негіздерінің бірі болып табылады.

Таңшолпан БЕКМАШ,
Түркістан облысы бойынша
Сот сараптамалары
институтының аға сарапшысы

ПІКІР

ТӘНІРДІҢ СЫЙЫ

Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұрпағымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу: ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар – ол тәуелсіз Қазақстан. Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан біз үшін тәуелсіздік алған күн – ең қастерлі күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік – тәнірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы.

Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы, егемен еліміздің ұрпағының еңсесі биік болып, көк аспанда қасиетті көк туымыз мәңгі желбіресін! Арысы Қазақ хандығынан бастап берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, Алты алаш ұрпағының парызы осы аманатты көзіңіз қарашығындай сақтау. Қазақ «Отансыз адам ормансыз бұлбұл» деген сөз бар. Орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бұтағы да жоқ. Дәл сол секілді тірлік кешуі мен ортасы жоқ ұлттың өмір сүруі мүмкін емес. Тәуелсіздік – ашы термен келген

тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн! Қазақ елінің төріне Елтаңбасы ілініп, көгінде Туы желбіреп, кең далдада Әнұраны әуелегенде «менің халқымнан асқан бақытты ел бар ма?!» – деп ойлаймын. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз мәңгілік болсын.

А. БЕРКОВА,
Ақтөбе облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының бас маманы –
сот отырысының хатшысы

Қазақстанда географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын құқықтық қорғау «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» заңда белгіленген тәртіппен оларды тіркеу негізінде, сондай-ақ, мемлекеттің халықаралық шарттарына орай беріледі.

ТАУАР ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕРДІҢ АТАУЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Географиялық нұсқаманы пайдаланудың айрықша құқығы осы географиялық объектіде белгілі бір сапасы, репутациясы немесе басқа да сипаттамаларына сай тауарды бірлесіп немесе бір-біріне тәуелсіз түрде өндіретін бірнеше тұлғаға берілуі мүмкін.

Сондай-ақ, тауар шығарылған жердің атауын пайдаланудың айрықша құқығы осы географиялық объектіде ерекше қасиеттері тек қана өздеріне тиесілі немесе негізінен осы географиялық объектіге тән табиғи жағдайлармен және адами факторлармен айқындалатын тауарды бірлесіп, бір-біріне тәуелсіз өндіретін бірнеше тұлғаға берілуі мүмкін.

Шет мемлекеттегі географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын тіркеуге, егер көрсетілген белгілемелер тауар шығарылған елде қорғалса ғана жол беріледі. Көрсетілген географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын пайдаланудың айрықша құқығына тауар шығарылған елде оларды пайдалану құқықтары қорғалатын тұлғалар ғана ие бола алады.

Ермек КИРГИЗОВ,
Сайрам ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі
аумақтық бөлімінің басшысы-аға сот орындаушысы,
Қазақстан Заңгерлер одағының мүшесі

БІТІМ

ҚАЗАҚТІЛДІ МЕДИАТОРЛАР АЗ

Қазақ елін ежелден мәмілегер халық деп айтамыз. Кез келген мәселені келісіммен шеше білгенін тарихтан білеміз. Қазақтың әр ауылында даулы мәселе туындай қалса жүгінетін өз биі болған. Ол би екі жақтың да уәжін тыңдап алып барып, екі тарап та ұтылмайтындай етіп немесе кінәлінің кінәсін мойындатып қана татуластырып, бірін-бірі аямай балағаттап, көзін құртып жіберу сияқты мәселелер аса көп туындай бермеген. Бұл бірінші кезекте қазақтың сөзге тоқтап, ақылды адамның айтқанын тыңдағандығын көрсетеді және істеген ісін мойындап, кешірім сұрай білудің де ерлік екенін айқындайды. Жаугершілік кезеңнің өзінде көптеген шиеленісті мәселелер мәмілегерлік жолмен шешіліп, ел іші де тыныш болған. Бүгінде бұл үрдіс жалғасын тапты. Мәмілегерлік, бітім жайлы арнайы заң да қабылданды. Оның қаншалықты жұмыс жасап жатқанын дәп басып айту қиын. Алайда, ол медиациялық әдістің тиімділігін көрсетті. Рас, қазір елімізде әрбір екінші адам сотқа жүгінеді. Мәселен, үлкен қалаларда әрбір судья орта есеппен күніне жеті істі қарайды екен. Өйткені, қарапайым халық дау-жанжалды сотқа жеткізбей-ақ,

медиацияның көмегімен шешуге болатынын ескере бермейді. Медиаторларды қайдан табуға болатынын, олардың алдына не мәселемен бару керектігін білмейтіндер де бар. Өйткені, бұл саланың насихаты аз. Сондай-ақ, бұған қазақ тілді медиаторлардың аздығы да себеп болып тұр. Жоғарыда айтқанымыздай, көпшілік медиаторлардың көмегімен тығырыққа тірелген шаруаны шешуге болатынын әлі де хабарсыз және пәлендей сене қоймайды. Заң медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін айқындайды.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі болып табылады.

А. АХИБАЕВ,
Маңғыстау облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы –
сот отырысының хатшысы

БАҒДАР

АШЫҚТЫҚ ХАЛЫҚ СЕНІМІН АРТТЫРАДЫ

Сот – елдегі ең мәртебелі міндет. Ол елдің бет-бейнесі, мемлекеттің айнасы. Осы тұрғыдан алғанда судьялар мен сала қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік жүктеліп, асқан біліктілік пен кәсібилік талап етіледі. Соңғы жылдары елде көптеген өзгерістер мен реформалар жүзеге асты. Оның ішінде сот саласы қайта жаңғырып, қайта түледі. Азаматтық қоғам талабына сай ашықтық пен қолжетімділік, жоғары кәсібилікке бет бұрды. Судьялар корпусына жана міндет жүктелмелер берілді. Оның ішінде әдеп нормасы, қарапайым азаматтармен қарым-қатынас қағидасы қайта қарастырылды. Судьяға шын мәнінде тәуелсіз, әділетті болумен қатар ізетті, ұстамды, құқықтық тұрғыда сауатты, адамгершілік, көпшілік оларға қарап бүкіл бір жүйенің біліктілігі мен мәдениетін бағалайтын сезінді. Сот корпусының беделі судья әдебімен өлшенетіні де анық. Осы тұрғыда судьялар Әдеп кодексі нормаларын қатаң сақтауға ұмтылды. Бұндай бағалау мен қарапайым халықтың сенімі сот отырыстары арқылы қалыптасты. Судья сот отырысын қалай жүргізсе азаматтардың сот жүйесіне деген сенімі мен пікірі де сол деңгейде қалыптасты.

Сотқа қатысушы тараптар қазының әр қимылын жіті қадағалаушы. Ол барлық процесс кезінде көпшілік назарында, оның әр қимылы, сөйлеу мәдениеті мен шыдамдылығы, тепе-теңдікті сақтауы, кәсібилігі сотқа қатысушы тарапқа бірден көрінеді. Сол себепті, сот отырысының мәдениетті, қалыптасқан үрдіспен заң талаптары аясында өтуі ең бірінші кезекте тікелей судьяға байланысты. Бұл талап сондай-ақ, белгілі бір дәрежеде сотқа қатысушы тараптарға да қойылады. Сот отырысында әдейі қасақана дау шығару, ілік іздеп сөзге келу процесінің қалыптасқан ретін бұзады, әрі судья жұмысына кедергі келтіреді. Сондықтан процеске қатысушы тараптарға да сотта өзін-өзі ұстау әдебі қажет. Сот отырыстарын жүргізудің жоғары мәдениеті, процеске қатысты барлық мән-жайларды дұрыс анықтау, заңды шешімді сауатты, дұрыс қабылдау және оны азаматтарға жеткізу, түсіндіру судья жұмысының негізгі көрсеткіші, әрі жауапты кезеңі. Бұл арада әрбір судьяға өзінің кәсібилігін, жинаған тәжірибесін көрсету маңызды.

Сот отырысын жүргізу мәдениетін арттыру елдегі сот төрелігінің қаншалықты тиімді жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Сот отырысының мәдениетіне сот процесінің уақыты басталуынан бастап сот құжаттарын рәсімдеуге дейінгі барлық заңдылық жатады.

Сотқа деген сенім сот отырыстарынан басталады. Ол сот төрелігінің әділетті әділетсіздігіне өлшем. Егер сот отырысы кәсіби деңгейде барлық заңдылықтар аясында өтсе сот беделінің көтеріледі. Бұл тұрғыда бүгінгі таңда ел судьялары мол тәжірибе жинақтады. Сот отырыстары құқықтық мемлекеттегі заң талаптары шеңберінде, өз уақытымен, өз талаптары аясында өтеді. Оған электронды, сандық форматтың дамуы да үлкен үлес қосты. Сот отырыстарына қатысты барлық хабарлама хаттарды қарапайым халық қазір электронды қызметтер арқылы көріп, біліп, танысып бақылай алады. Бұл сот саласындағы жана реформалардың өзіндік жемісін бере бастағанының дәлелі.

Индира ЛУКПАНОВА,
Ақалөк аудандық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ҰРДИС

ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында адам құқығын қорғауға бірден-бір жауапты – полиция, прокуратура мен сот өкілеттіліктерінің аражігін нақты ажыратып беретін үш буынды модель құруды тапсырды.

«Бізге азаматтардың құқығын заманауи тұрғыдан қорғауды қамтамасыз ететін және жоғары халықаралық талаптарға жауап беретін үлгі керек», – деп негізгі бағыт-бағдарды да айқындап берді.

Президент тапсырмасынан кейін елімізде қылмыстық процестің үш буынды моделі енгізілді. Өткен жылдың соңынан бастап ІІМ мен прокуратура осы модель аясында айып тау ұстанымын азайтып, қылмыстық процесте заңсыз араласуды болдырмайтын қанатқақты жобаларын да іске қосты.

Үш буынды модельде полицияның міндеті не? Прокурор немен айналысуы қажет? Сот органдарының мақсаты қандай? Бұл модельде қылмыстық процесте үш буын жауап береді: полиция, прокуратура және сот. Бұл құрылымдар арасындағы өкілеттіктер де нақты анықталған.

Әуелден полиция қызметкерлері қылмысты анықтап, күдіктілерді тауып, айғақ жинаумен айналысады. Ал прокурордың міндеті – осы айғақ-дәлелдемелерге тәуелсіз баға беру, тергеу, анықтау іс-шаралары кезінде азаматтар құқықтарының бұзылуына жол бермеу. Яғни кінәсіз адамның сотталып кетпеуіне, сотта айыптау жағын қолдауға міндетті. Ал судья полиция мен прокурор ұсынған мәліметтерді сараптай келе, соңғы шешім шығарады. Ақты ақ, қараны қара деп үкім кесуі тиіс. Бұл үш органда бұрыннан келе жатқан «жұмыс істеу тәсілі». Мұндай тәсіл жолдауда да «тепе-теңдік жүйесін нығайтып, әр кезеңде тиімді саралау жүргізіп отыруға мүмкіндік береді» деп бағаланған.

Басты міндет – адам құқығын қорғау. Прокурорлық қадағалауға келсек, бұл жұмыс үнемі кешеуілдеп жататынын көреміз. Прокурорлар істің мән-жайымен тек сотқа жіберер алдында ғана танысады делінген жолдауда. Қылмыстық

процестің өкілеттіктерін нақты бөле отырып, тепе-теңдік жүйесін нығайтуға, әрбір кезеңде тиімді сүзгілер жасауға бағытталған үш буынды модельдің ең маңызды тұсы – прокуратурада.

Себебі, 2021 жылдан бастап қылмыстық істер де прокурорға заң бойынша жаңа міндет жүктеліп отыр. Ол – адам құқығы мен бостандығына қатысты негізгі процессуалдық шешімдерді келісу міндеті. Ал мұндағы басты міндет – азаматтардың қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тартылуын болдырмау. Қылмыстық сот ісін жүргізудің үш буынды моделін енгізу және іске асыру шеңберінде жыл басында тиісті заңға өзгертулер жасалуына байланысты іс жүргізудің маңызды қадамдарын прокурормен келісу институты енгізілді. «Үш буынды модель бойынша қылмыстық процестердің негізгі құжаттарын прокурормен келісу арқылы жүзеге асыру өткен жылдан бері қолға алынып келеді. Бұл шындықта келгенде тергеушілер үшін де, прокурорларға да өте қолайлы әрі тиімді қадам.

Себебі, Қылмыстық іс жүргізу кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес, процессуалдық шешімдер дер кезінде келісіліп, істің мән-жайы бірден анықталып отырады. Ең бастысы, осы арқылы ел Президенті қойған тапсырма – қылмыстық істер кезінде қателіктерге жол берілмейді. Жаңа жүйе енгізілгені бері азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзу деректері біршама төмендеген.

Жаңа модельді енгізу жедел тергеу жұмысының сапасын арттырады әрі уақыттан да ұтымды екенін атай кеткен және. Себебі, бұрынғы тергеушілер күдіктіге қатысты материалдарды іске тіркелгеннен кейін ғана прокуратураға таныстыратын. Ал тергеу ісінен қандай да бір қателік немесе кемшілік кетсе, іс толығымен кері қайтарылып, осының барлығы уақыт алатын.

Ал жаңа жүйеде тергеу органдарының әр қадамы жеті бақылауда болып, әр шешімдері жан-жақты бағаланып тұрады. Яғни, үш буынды тың форматта тергеуші мен прокурордың өзара іс-қимылы барынша оңтайландырылған.

Құқық қорғау органдары – қылмыстарды анықтаумен, ашумен және дәлелдер жинаумен айналысады. Содан кейін қылмыстық іс прокурорға жолданады. Дәлелдемелер базасын, күдікті адамға қатысты қылмыстық заңның тиісті баптарының дұрыс қолданылуын тексеру, яғни, қылмыстық істі объективті түрде қарап, айыптау актісін түзіп, оны сотқа жолдау, содан кейін күдікті адамның кінәлілігі жөніндегі дәлелдемелерді сотқа тарту прокурорға міндеттелген. Ал іс бойынша түпкілікті шешім шығару, бұрынғыдай соттың құзыретінде. Бұл азаматтардың құқықтарын сақтаудың өзіндік фильтрі және заңды кепілдіктері. Бұл орайда, адвокаттарға күдіктіні қорғау актісін ұсынуға мүмкіндік беру мәселесін заңдастыру жөнінде тың ұсыныс та талқылануда.

Қылмыстық процестегі үш органның шешімдері бір-біріне кереғар шығып, үйлесім таппай жататыны тағы бар. Құқық қорғау жүйесінің жұмысында бұрынғы дағды бойынша айыптау үрдісі әлі де басым. Бұл кемшілікке жолдауда Мемлекет басшысы ерекше тоқталды. Бұған себебі, бүгінгі қолданыстағы тәртіп бойынша қылмысты ашумен айналысатын қызметкерлердің және іс бойынша негізгі процестің шешім қабылдайтын тергеушілердің бір құқық қорғау органында жұмыс істеуінде. Ұсынылып отырған модель бойынша қылмыстық қудалау органдары өздеріне жүктелген функционалдық міндеттерін қылмыстық процестің заң аясында атқарған жағдайда, әрине үш буынның арасында үйлесімді байланыс болатыны сөзсіз.

Үш буынды модель – адам құқығын қорғаудың заманауи үлгісі. Басқаша айтқанда бұл – полиция, прокуратура мен соттың алдына қойылған жаңа талап. Әрі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің тәжірибесіне сүйенген халықаралық талап.

КИЕ

ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРАТЫН ҚҰРАЛ

Әр халықтың байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі. Қазақстанның негізгі тілі – қазақ тілі. Оны білу әрқайсысымыздың азаматтық парызымыз. Ана тіліне салғырт қарау – өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына немқұрайлы қарау деген сөз. Ол – ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса, тілді өмірдің барлық саласында қолданып, оның аясын кеңейту парыз.

«Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек. Сонымен бірге, елімізде тұратын барлық халық өкілдерінің ана тілінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыруымыз қажет» – деді Президент Қ.Тоқаев.

Қазақстанның ХХІ ғасырдағы болашағы, шығар биігі саяси-экономикалық факторлармен қатар, қазақ тілінің де дамуына тікелей байланысты. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесі Ата Заңымызда анық айқындалған. Президентіміз «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!» деп қадап көрсетті.

Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі, діні, ділі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да – тілі. Ол – қасиетті де қастерлі. Мемлекеттік тілді дамыту, оның қолдану аясын кеңейту, дамуы мен жетілуіне жан-жақты қамқорлық жасау бүгінгі күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселені жүзеге асыру үшін арнайы қабылдаған бағдарлама мен іс-шараларды тұрақты түрде жүргізу, күнделікті жұмыс барысында мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру бәрімізге ортақ міндет. Қазақ тілі қазақ халқының ғана емес, Қазақстан мемлекетінің тіліне айналатын, мәртебесі мен мерейі үстем болатын күн туды.

Б.КАЛАКОВА,

Батыс Қазақстан облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жетекші маманы

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

5. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2022 жылғы 15 тамыздағы №279 қаулысына сәйкес «Ақтөбе облысы білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «С.Сейфуллин атындағы бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін тарату туралы қаулысы негізінде жабылғандығы жөнінде Ақтөбе облысы, Байғанин ауданының білім бөлімі хабарлайды.

«С.Сейфуллин атындағы бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзінің таратылғанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді селосы, Қонаев көшесі №37 үй. Телефон 871345 22556.

Байғанин ауданының білім бөлімінің басшысы М.Қ. ДАБЫСОВ

7. «Qaz Qredit» МҚҰ» ЖШС, БСН 180140022524, орналасқан жерінің(заңды мекенжайы) өзгергені туралы хабарлайды. Жаңа мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Гагарин даңғылы, 124 үй, 445 пәтер.

10. «Ақжайық шипажайы» ЖШС, БСН 071040021077, жарғылық капиталының (2022 жылғы 03 қарашадағы) №3 жалпы жиналыстың хаттамасына сәйкес, енгізілмеген бөліктегі 614 961 000 теңгеден 596 253 900 теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 (ай) мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Ақжайық шипажайы ауылы, Ғарифолла Құрманғалиев көшесі, 1 ғимарат.

9. «Ломбард Алтын Экспресс» ЖШС БСН 170440036731, микрокаржылық қызметін жүзеге асыру лицензиясын ерікті түрде тоқтату туралы арызбен уәкілетті органға жүгінетінін хабарлайды.

2. Алматы қаласы, Медеу аудандық сотының 03.11.2022 жылғы ұйғарымымен Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 311 үй, 45 пәтердің тұрғыны, 13.01.1978 ж.т. Самолук Андрей Викторовичтің 21.08.1956 ж.т. Самолук Виктор Михайловичтің хабарсыз кеткен деп тану туралы өтініші бойынша азаматтық іс қозғалды. В.М. Самолуктің жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдардың жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Алматы қаласы, Нүсіпбеков көшесі, 34 үй мекенжайы бойынша Медеу аудандық сотына хабарласуын сұраймыз.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874

ТАРАТУ

8. «Семейная стоматология» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 221140006852, өзінің таратылғанын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Қ.Мусин көшесі, 6/2 ғимарат.

МҰРАҒЕРЛІК

3. Қызылорда облысы, Сырдария ауданының жеке нотариалдық кенесінде Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінде тұрған, 15.06.2022 жылы қайтыс болған Дюсенкулов Адилет Булатовичтің атынан мұралық істің ашылғандығын хабарлайды. Осы аталған мұралық іс бойынша мұрагерлер инд. 120600. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Алияқбаров көшесі №5 мекенжайындағы жеке нотариалдық кенесіне хабарласулары керек. Байланыс телефоны: 87243621710. Сот.тел. 87056206463.

6. 2022 жылғы 31 тамызда қайтыс болған азамат Дюсекешов Болат Сандибаевичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін, Атырау қаласы, Авангард 3 ықш.ауданы, 75 үй, 5 кенседе орналасқан нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru, Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кенсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кенсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 87077 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нур-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58,30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юрическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢҒЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢҒЕ

✉ zanreklama@mail.ru

БАНКРОТТЫҚ

4. Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 26.02.2021 жылғы №4360-20-00-2/2193 шешімімен «Аслан микроқаржы ұйымы» ЖШС-гі банкрот деп танылсын.

(Соңы. Басы газеттің № 90 санында)

Сөйтіп, таң ата Ыстықкөл жаққа жол жүріп кетеді. Ол шын мәнісінде ол жаққа Әсемді іздеп емес, достарымен ішімдік ішіп қыдыруға аттанған екен. Барғаннан ішімдікке сылқия тойып алған ол бірде күлсе, бірде жылап есалаң күйге түседі. Өзінің әйел атаулыға жау екенін айтып, оларды тұншықтырып өлтіріп тастау керек деп салады. Оның бұл сөзі сол дастарқан басында отырған әйелдер мен еркектердің бойына үрей тұғызды. Мына сөзді әйелі жоғалған Ербол ма айтып отырған деп таңданысты. Сөйтіп, ерте күнді кеш қылмай Ерболды таксиге отырғызып Алматыға қайтарып жібереді. Содан, түн ортасында оянған Ербол өзінің не бүлдіргенін ойлайды. Екінші рет үйленген әйеліне «Мені іздеме, сыртта жүремің» деп, шығып кетеді де, аулада темекісін тартып жан-жағын көзінің астымен сүзіп шығады.

Адам жүрісі тыйылып, қала түнгі тыныштық құшағына енген. Тым-тырыс. Көршісі Дастан да осы кезде саумалдыққа шығып керіле терен дем алып төменге қарағаны сол еді, келесі кіреберістің жертөлесіне қарай бара жатқан Ерболды көріп қалды. Не істер екен деген оймен сонынан қарап тұрды, Ербол жертөлеге түсіп есікті ашарда манайды тағы бір шолып шықты. Оның жан-жағына жалтақтай қарайтынын сезген Дастан да бұғып тасалана қалған еді. Дұрыс жасаған екен. Әйтпесе, көзіне түсіп қалар еді. Дастан көрмесе де Ерболдың жертөлеге түскенін байқады. Ерболдың осылай түнделетіп сыртта отыратынын көріп жүргеніне біраз жыл болған. Бірақ, Дастан аса мән бермеген. Осы жолы басына небір ойлар келді. Дегенмен, әзірге ешкімге ештеңе айтпай, біраз бақылап барып күдікке көзі жеткен соң құзырлы орындарға хабар берейін деп шешті. Сөйтті де, шым-шытырық ой үстінде жастыққа бас қойды.

Әйелі жоғалып кеткеннен кейін ішкілікке әбден әуес болған Ерболдың қызметте де еш абыройы қалмаған еді. Жоғары дәрежелі инженер санатынан төмендеп, бұл күні слесарь боп жүр. Бүгін жұмыстан келе жатып қоғамдық көлікте бір әйелді балағаттапты деген хабарды қайын атасы ести сала байыз тауап отыра алмай аудандық милиция бөліміне жетеді. Камерада бүрісіп отырған Ерболды сұрауға тергеуші Ғалым Меңдібаев өзі келіпті. Себебі, Ыстықкөл жақтан түскен күмәнді қонырау тергеушіні тергеудің жана әдісіне көшуге мәжбүрлеген. Сөйтіп, аудандық ішкі істер басқармасының бастығы, талантты із кесуші Ғалым Меңдібаев қоғамдық көлікте Ерболдың психикалық күйін тексеруге арнайы операция ұйымдастырған. Ерболдың камерада отыру себебі осыдан еді.

– Ербол, мысық-тышқан ойнайтын уақыт емес, шынықты айт, сен әйелің Әсемнің қайда екенін білесің. Неге жасырып жүрсің?– деп, көптен қоя алмай жүрген сұрағын төтесінен қояды. Ал, Ербол «Білмеймін, маған жала жаппандар» деп бетбақтырмады.

Бұған дейін де республиканың бірінші хатшысына дейін кіріп тергеушілердің аузын жауып жүрген қайын атасы бұл жолы да «Менің күйеу баламан не үшін күдіктенесіңдер. Доғарыңдар» – деп, орталық комитеттен қонырау түсіріп, тергеуді тағы орта жолдан жаптырып, тұтқындауға дәлел жок болғандықтан үйіне алып қайтады.

Құзырлы органның қақпанынан құтылған Ербол әдеттегідей бұл жолы да түнделетіп тұрып сыртта темекісін тартып жан-жағына бақайлай қарады. Түн қараңғылығанда аулада жүрген ешкім жоқ. Ересектер көрінбейді деп Ербол енді жертөлеге кіре берсе

болады деп ойлап сақтықпен жылжи берді. Бірақ, Ербол көршісінің бақылауына түсіп жүргенін сезбеген еді. Осы уақытта оны төбеден көршісі Дастан саңлаудан аңдып отырған. Төрт жылдан бері байқап келе жатқан Дастанға енді бөгелудің керегі жоқ еді. Милицияға хабар беруге бекінді.

Милиция түскен ақпараттың анықтығын тексеру үшін өздері Ерболды үш күн бақылады. Жертөленің ішінде тығылып отырып та анду жүргізді. Тек үшінші күні аса сақтықпен сантехник боп киініп барып жарық орнатып, жертөледе жасырынып Ерболды күтіп отырды. Ербол сезіктеніп қалса операцияның күлі көкке ұшады. Сол себепті аса сақтықпен іс-қимыл жасау бұйырды.

Міне, түн қараңғылығы түсті. Ел ұйқыға жатты-ау дегенде әдетінше Ербол сыртқа шығып, темекісін тұтатып, құшырлана тұрып тартты. Аспанға түтінін будактатып біреу-міреу қарап

Ескертемін! Қашуға әрекет етсең атам» деп, көзін Ерболдан айырмай, жан-жағындағы қарулы сарбаздарды иегімен көрсетті. Ербол ендігісінің бәрі бекер екенін ұғып, еріксіз басын изеді.

Тергеуші көмілмей қалған саусақ ұшын видеоға түсіріп алыңдар деді де, «Ал баста» – деп бұйырды. Дірілдеген қолдары күректі әзер ұстаған Ербол денесі қалшылдап, тері су боп ағып жерді қаза бастады. Мәйіт көмілген жерден әуелі оның сумкасы мен пакетке салынған киімдері шыға бастады. Оларды криминалистер арнайы пакетке салып жәшікке орналастырды. Тірісінде әдемі келіншектің бес жыл бойы жер астында жатып сүйек қаңқалары мен шашы қалған. Аяғына етігін киізіп келген екен. Әуелде тергеуші Майдан Үмбетов назар аударған айғақ іш киімдері осынан шықты. Мәйітті жинап жәшікке салып болған соң, қолына кісен кигізіп Ерболды түрмеге

еуінің жұмыстан келіп әлі тамақ ішпей отырғанын айтып, аялдамаға жеткенше асығады. Үйге кіре сала:

– Ербол, сен әлі кешкі ас ішпедің бе? – дейді. Ол да:

– Күйеуі жок әйелге ұқсамай, жұмыс аяқтала сала үйге қайтпайсың ба?– дейді, ренішті үнмен. Қитығып қалған Әсем шарт етіп «Ойнап жүрмегенімді білесің!» – деп, сөйлей жүріп киімін ауыстырып, қолын жуып қамыр илеуге кіріседі. Күйеуіне күндіз қонырау шалып етті, отқа қоя салуын өтінген. Ет былқылдап қайнап тұр. «Ербол, сен қызықсың, қойылым аяқтала сала үйге жүгірмеймін ғой. Пәтерді сол ұжымның кепілімен алғаннан кейін, олармен санасамын» дейді Әсем. Бұл – Ерболдың ең жанды, еркектік намысына тиетін сөз еді.

– Онда жұмысыңды таста. Мына үйді өткіз. Үйді өзім аламын, – дейді шатынап. «Пәтерді мен алдым» деген сайын ашуы келетін Ербол: «Балабақ-

тырмайды. Күйеуі оқтауды тартып алып оны Әсемнің өңешіне тақайды. Қарулы қолдарымен қылғандырды, көзі қарауытып «Сен көңілде боп алған үйімнен, бөтен еркектен тапқан баламен құры. Мен сені өлтіремін» – деп, оқтауды кеңірдекке тақай түседі.

Криминалистер өз зерттеуінде әйелдің өңешінен жаншылып өлтірілгенін анықтаған. Себебі, өңеші жабысып қалған екен. Сонымен, мәйіт бір минуттан аса уақыт арасында жан тапсырған. Иә, Әсем бырк-бырк етіп тілге келмей сылқ ете түсті. «Әсем, Әсем, Әсеміім!» – деп жүгіре басып су алып кеп бетіне шашқанда, қимылсыз, тіршілік белгісі байқалмады – деді Ербол.

Жуынағын бөлмеге барып бетін суық сумен жуып есін жинаған соң, ол мәйіттің көзін құрғуды жоспарлайды. Қалай, қайда жасыруын таптіштеп ойластырып, әуелі киімдерін, іш киімдерін, қол сумкаларын дорбаға жинап салды. Біреу келе қалса «Ұйықтап жатыр» дермін деп Әсемнің денесін төсекке апарып жатқызып қояды. Ертісіне жұмысына барып келген соң көрші кіреберістің жертөлесіне түсіп баспалдақ астынан шұңқыр қазды. Бұлар бірінші қабатта тұрғандықтан жертөле кілті өзінде болатын. Түнгі сағат үш жарымда ел қалың ұйқыға кетті-ау деген кезде үйде жатқан мәйітке салқынқандылықпен асықпай күзен тонын, етігін кигізіп басқа киімдерімен қоса апарып баспалдақ астына көмеді. Істі бітірген Ербол екі күн өткізіп барып милицияға «Әйелім жоғалды» деп хабар берді. Ішкі істер басқармасына келіп іздеуге арыз жазып отырғанда тергеуші Майдан Үмбетов бұның көзқарасынан, өзін ұстауынан секем алып: «Ербол, бетіңіздегі тыртық ненің ізі? Жасырмай айт. Біз оны тексереміз» – деген. Тығырыққа тіреліп әбден қысылған Ерболдың шындықты айтауға амалы жоқ еді.

– Иә, мұны тырнаған әйелім. Бірақ, оның жоғалуына бұның еш қатысы жоқ, – дейді Ербол дауысын сенімді шығарып. Үйіндегі тінтуден кейін тергеуші Майдан Үмбетовтің Ерболды тұтқындап, уақытша тергеу изоляторына отырғызу себебі осыдан еді.


Ал, содан кейінгі сценарийдің бәрін құрастырған анасы. Қандай ана «Іштен шыққан шұбар жыланын» тозақ отына қияды. Қылмыстық заңдардан хабардар өзі мықты, білікті дәрігер Қазақ ССР Қылмыстық атқару кодексында қылмыстың ашылу мерзімі созылған сайын қылмыскердің жазасы жеңілдейтінін білетіндіктен, баласының қылмысын жасырып тергеу амалдарын шатастырып, қылмыс мерзімін соза түсті. Осы мақсатта ол тергеуді барынша басқа арнаға бұруға жанын салды. Жылы сөйлей отырып өзінің құйтұрқы ісіне құдасын да тарта білді. Аңқау карт қызының өліміне Ербол кінәлі деп еш ойламаған. Әрине, басында сондай күдіктің болғаны рас. Бірақ, оның бәрі құдағиының құрық бойламас қолының тасасында қалған болатын.

Сот процесі кезінде ашылу уақыты ескірген іс және қылмыскердің ауытқушылығы бар деген бап бойынша сот кескен бес жыл қысқарып, екі жарым жылға түсті. Сөйтіп, Ербол көзі тұмданып афферт үстінде өз әйелін абайсызда өлтіріп алып, екі жылдай қоғамнан оқшауланып жазасын өтеп шықты.

Міне, отбасылық жанжалдың кесірінен екі бала анасынан айырылып жетім қалды. Қазақ халқы «Әкесіз жетім – құр жетім, анасыз жетім – тұл жетім» деп бекер айтпаған. Отбасында анық кейбір шыдамсыздығына асқар тау әке сабырмен қараса дейсің. Отбасын құрып өмірге ұрпақ әкелген ерлі-зайыптылар үшін ең басты ұстаным сабыр мен ұстамдылыққа негізделуі керек. Онсыз отбасына құт қонбайды.

Зұбайра ТІЛЕГЕНҚЫЗЫ

КӨМІЛМЕЙ ҚАЛҒАН САУСАҚ



тұрған жоқ па дегендей саумалдықтарды шолып өтті. Одан маңайды сүзіп шықты. Ешкім жоқ. Қадамын санап басып жертөлеге қарай жылжып, есігін еппен ашты да, баспалдақтың астына өтіп қол шамын жақты. Баспалдақтың астына өтіп жерді аяғымен таптап-таптап қойды. Тура жанына су ағызатын шланга қойған екен. Содан су жібермек болып жатқанда жарық жанды. Камера іске қосулы түсіріп жатты. Селк ете түскен Ерболдың қолынан қолшамы түсіп, өзі ербеден қашуға әрекет ете бастағанда қарулы жігіттер қолын қайырып кісен салды. Топ жетекшісі, тергеуші Ғалым Меңдібаев жанына жақындап келіп «Қашанғы қайын атаң мен дәрігер аныңның артына тығылып жүрмек болдың? Әсемнің жоғалуына сенің ғана қатысың бар екенін біз бағызда ұққанбыз. Тек, қайын атаң саған шаң жуытпады. Біз сені осы жертөледе аңдығалы үш күн болды. Енді, қылмысыңды мойында! Әсемді осы жерге көмдің бе?» деп дауысын қатаңдата сұрады. Бұлтаруға еш шарасы жоқ Ербол міңгірлеп, «Иә» деп жауап берді.

Сол жерде криминалистер мен жедел топ іске кірісті. Топ жетекшісі Ғалым Меңдібаев: «Қазір қолыңды босатамын. Қашамын деп әуре болма.

алып кетті. «Елдің жаласынан» қорғап жүрген күйеу баласының нағыз қылмыскер екеніне қайынағасы сене алмай дал болды. Бірақ, бұлтартпас айғақтар мен дәлелдер көзін кеш те болса оған жеткізді.

Оқиға қалай болған еді?

… Жылы төсектен тұра алмай біраз жатқан Әсем тұңғышы Қайрат пен кішкентай қызы Хадишаны еске түсірді. «Балапандарым не істеп жатыр екен. Сағынып кеттім. Бір демалысыма барып мауқымды басып келмесем» деп ойлайды. Тұрып терезеден қараса дала эптак қарға ораныпты. Әсем өзі жақсы көретін күзен тонын киіп жұмысқа шықты. Қар қалың түскен Алматының ауасы мұнтаздай таза. Тынысыңды ашады. Эптак қар күн сәулесіне шағылысып айнала ақ моншақ тағынғандай жылт-жылт етіп тұр. Табиғаттың сұлулығын бүгін көргендей Әсем айналага тамсана қарап, адамдар әлі таптап үлгермеген қарды күртідетіп қызға басты.

Күндегідей спектакль кешкі 20.00-де аяқталды. Әсем қойылым бітісімен әріптестерімен асығыс қоштасып, күй-

шаға берсек өзім апарып, әкелер едім. Балаларды әке-шешене неге беріп жібердің? Көңілдеріңмен еркін қыдырмақ болдың ба?» – деп, ерегесіп шүйлігіне түседі. Әсем өзін ұстай алмады ма, әлде жұлдыз ауруы басып кетті ме күйеуін ерек екен демей, «Екі бала да сенің балаң емес, әкесі сен емесің», – дейді ұрыс үстінде. Осы қарғыс атқыр сөзді айтпағанда Ербол Әсемге қол жұмсаса па еді? Әйелдің ақылға емес, ашуға мінуі отбасының берекесін кетіретіні белгілі. Әйелдің дауысы қатты шыққан үйде тыныштық болмайды деп ислам ғұламалары да бекер айтпаған екен. Ерегескен ерек те отбасының құтын қашырды. Әсем атағына беделіне масайрап жұлдыздын деп күйеуіне ырық бермесе, күйеуі Ербол оны қызғанып, бір жағынан намысын жыртып тоқтай алмай ұрысып жатты.

Ұрысқа шындап кіріскен Әсем отбасындағы қарапайым әйел екенін ұмытты. Ашуға мінген Ербол өзі шынашақтай Әсемге қол сілтегенде ол ұшып түсті де, басын қатты затқа соқты. Басын ұстап жатып, «Сені сотқа беремін. Түрмеге отырғызамын» дейді ызалықпен орнынан тұрып жатып. Ол аздай, жалма-жан стол үстінде тұрған оқтауды алып Ерболды ұрғылап, бетін

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали
	8 707 851 91 13.
Алматы	Нұрбол Әлдібаев
облысы	8 701 357 66 84.
Ақтөбе	Жансая Есмағанбетова
облысы	8 705 398 62 83.
Атырау	Боранбай Ғалиев
облысы	8 775 543 03 80.
Маңғыстау	Жазира Әбіл
облысы	8 702 514 54 44.
Қызылорда	Гүлбану Мақажан
облысы	8 701 697 39 86.
Түркістан	Сейітхан Құлмаханбетов
облысы	8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы
	87757335665
Батыс	Нұрлыбек
Қазақстан	Рахманов
облысы	8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №166 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрілігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31